«БЕКІТЕМІН»
ЖШС «Лад.КЗ.» «Лиана» балабақшасы
директоры: М.С.Нуртаев

**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы**
**Білім беру ұйымы:** "Лад.КЗ" ЖШС. "Лиана" балабақшасы
**Топ: «Тұлпар»** мектеп алды тобы
**Балалардың жасы :** 5жас
**Жоспардың құрылу кезеңі :**01.09 -04.09 қыркүйек айы 2026 – 2027 оқу жылы

**ҚЫРКҮЙЕК ЕҢБЕККОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ**

«Білімді болғың келсе -тіліңді құрметте»

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау «Күй күмбірі» «Келіншек» күйін тыңдау.** Балалардың ұлттық музыкаға қызығушылығын арттыру, әуенді эмоционалды қабылдауын қалыптастыру. | | **«Көңіл күй смайлигі»** бала өз көңіл күйіне сәйкес смайликті таңдап, неліктен сол смайликті таңдағанын қысқаша айтады. Өз сезімін тануға және жеткізуге үйрету. | **«Ерекше амандасу»** бала қол алысу, алақан соғыстыру, иық түйістіру немесе қол бұлғау тәсілдерінің бірін таңдайды. Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. | **«Бүгінгі тілегім»** әр бала топқа кіргенде өзі немесе достары үшін бір жақсы тілек айтады. Жағымды көңіл күй мен мейірімділікті дамыту. | **«Көңіл күй бағдаршамы»** бала жасыл, сары немесе қызыл түстің бірін таңдап, өзінің таңғы көңіл күйін білдіреді. Эмоциялық жағдайын анықтауға көмектесу. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | | «Балабақшаға жақсы көңіл күймен» Баланы жылы сөзбен шығарып салып: «Сен мектепалды | «Өз заттарыма жауаптымын» Баланың сөмкесін мүмкіндігінше өзіне жинатыңыз. Қажет | «Әдепті бала» Баланың тәрбиешімен және достарымен өздігінен амандасуына мүмкіндік беріңіз. | «Белсенді болуға үйренеміз» Бүгінгі ойындар мен тапсырмаларға белсенді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | топтың баласысың, сенің қолыңнан келеді!» деп сенім білдіріңіз. | болған жағдайда ғана бағыт беріңіз. | | қатысатыныңа сенемін» деп жігерлендіріңіз. |
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)**<br>**«Өнегелі 15 минут»** | | **«Суреттен әңгіме құрастыр»**<br>Балаларға бір-бірімен байланысты 34 сурет ұсынылады. Балалар суреттерді ретімен орналастырып, қысқа әңгіме құрайды.<br>**Тіл дамыту** | **«Таза аула ортақ міндет»**<br>Балалар ауладағы қағаз, пластик және табиғи қалдықтарды ажыратып, тиісті орындарға жинайды. Тәрбиеші қоршаған ортаны таза ұстаудың маңызын түсіндіреді.<br>**Таза Қазақстан** | **«Қауіпсіз жолды таңда»**<br>Тәрбиеші балаларға үйден балабақшаға дейінгі жол бейнеленген суреттерді көрсетеді. Балалар қай жерде жаяу жүргінші жолағымен өту керектігін, қай әрекеттің қауіпті екенін анықтайды.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | **«Менің құқығым»**<br>Тәрбиеші демалу, ойнау, білім алу, қауіпсіз болу туралы қарапайым жағдаяттарды көрсетеді. Балалар қайсысы бала құқығына жататынын анықтайды.<br>**Құқықтық сауаттылық** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | | «Күнге сәлем»<br>**Бастапқы қалып:** аяқ иық деңгейінде, қол төменде.<br>**«Күнге сәлем»** қолды төменнен жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұрып созылу, бастапқы қалыпқа келу.<br>**«Құстар қанат қағады»** қолды екі жаққа созып, жоғары-төмен баяу сермеу. | «Жаңбыр тамшылары»<br>**«Тамшыларды ұстаймыз»** қолды алға созып, алақанды ашып-жұму.<br>**«Ағаштар тербеледі»** қолды жоғары көтеріп, оңға және солға кезекпен еңкею.<br>**«Тізені көтер»** тізені кезекпен кеудеге | «Гүлдер мен құстар»<br>**«Гүл ашылды»** отырып, қолды алдына жинау; тұрып, қолды екі жаққа кең ашу.<br>**«Құстар ұшты»** қолды екі жаққа созып, қанат секілді сермеу.<br>**«Жел соқты»** қолды белге қойып, денені оңға және солға бұру.<br>**«Күнге созыламыз»** қолды жоғары көтеріп, денені | «Шымыр боламыз»<br>Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұрып созылу.<br>Қолды алға созып, баяу отырып-тұру.<br>Қолды белге қойып, денені оңға-солға айналдыра қимылдату.<br>Орнында жеңіл жүгіру.<br>Жай жүріске ауысып, тыныс алуды қалпына келтіру.<br>**Салауатты өмір салты** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **«Биік қадам»** қолды белге қойып, тізені кезекпен жоғары көтеру. **«Көңілді секіру»** екі аяқпен орнында жеңіл секіру. **Тыныс алу:** қолды жоғары көтеріп дем алу, төмен түсіріп дем шығару. **Салауатты өмір салты** | қарай көтеру. **«Жаңбырдан өтеміз»** аяқ ұшымен жеңіл жүру. **Тыныс алу:** мұрынмен терең дем алып, ауызбен баяу дем шығару. **Салауатты өмір салты** | сәл шалқайтып созылу. **«Құстар демалады»** тыныс алуды бірқалыпқа келтіру. **Салауатты өмір салты** | |
| **Таңғы ас** | | Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Суды босқа ағызбауға үйрету Тамақтану әдебін сақтауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)** | | Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану. Орталықтардағы заттарды орнына жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын** | Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге баулу **буллингтің алдын алу, «Адал азамат» «Заң мен тәртіп».** | Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау, құралдарды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға дағдылан дыру. **экологиялық мәдениет, буллингтің алдын алу.** | Орталықтардағы заттарды орнына жинау Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **алу, жауапкершілік.** | | | **алу** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | | **Сауат ашу негіздері Менің балабақшам және мектепке дайындық**<br>**Тақырыбы:** «Сөз деген не?»<br>**Әдісі:** әңгімелесу, суретпен жұмыс, дыбыстық бақылау.<br>**Тапсырма:** Балабақш аға қатысты суреттерді атап, әр суреттің атауы сөз екенін түсіндіру. «Доп», «кітап», «үстел», «қалам» сөздерін анық айтып, сөздерді бір-бірінен ажырату.<br>**Ойын:** «Суретті ата». Тәрбиеші сурет көрсетеді, бала суреттегі затты бір сөзбен атайды.<br>**Тәжірибелік жұмыс:** Қаламды дұрыс ұстау, денені дұрыс орналастыру ережесін қайталау. Тік және көлденең сызықтарды | **Қазақ тілі**<br>**Сөздік жұмыс:** әке, ана, әже, аға, іні, отбасы<br>**Дыбыстық жаттығу:** Ө және Ү дыбыстары: «өрік, өзен, үй, үкі». Дыбыстарды ерін қалпына назар аудара отырып дұрыс айту.<br>**Сөйлеу және әңгімелесу:** «Менің отбасымда...» сөйлемін жалғастыру. Құрдасының әңгімесіне бір сұрақ қою.<br>**Дидактикалық ойын:** «Дыбысты тап» — Ө немесе Ү дыбысы естілген сөзді белгілеу; сөздегі орнын анықтау.<br><br>**Математика негіздері** | **Математика негіздеріТақырыбы:** «Бір ме, көп пе?»<br>**Әдісі:** тәжірибелік әдіс, сұрақ-жауап.<br>**Тапсырма:** Бір зат пен заттар тобын салыстыру, «бір қарындаш», «бір қорап қарындаш», «бір топ бала» ұғымдарын ажырату.<br>**Ойын:** «Бір сөзінің құпиясы».<br>**Логикалық тапсырма:** «Бір себет алма» бір ғана алманы білдіре ме?» деген сұраққа жауап беру.<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Мектепке апарар жол»<br>**Әдісі:** графикалық жаттығу, модельдеу, қимылмен көрсету.<br>**Тапсырма:** Баланы мектеп суретіне жеткізетін түзу, ирек, доға сызықтарды жиектен шығармай | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Менің ойыншықтарым»<br>**Автор:** Мұзафар Әлімбаев.<br>**Жанры:** балаларға арналған өлеңдер жинағынан. Мұзафар Әлімбаевтың «Менің ойыншықтарым» балалар әдебиетінің классикалық шығармаларының бірі ретінде аталады.<br>**Әдісі:** көркем оқу, сипаттау, сахналау элементтері.<br>**Тапсырма:** Ойыншық тар туралы шығарманы тыңдау, суреттерден таныс ойыншықтарды тауып, олардың түсін, көлемін және қызметін сипаттау.<br>**Ойын:** «Ойыншық сөйлейді». Бала бір ойыншықты таңдап, оның атынан 12 сөйлем айтады.<br>**Шығармашылық тапсырма:** «Менің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бастырып жүргізу.<br>**Сұрақтар:** «Бұл не?», «Сен қандай сөз айттың?», «Бір заттың атауы сөз бола ма?»<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Сөздік жұмыс:** сәлем, дос, әдепті, әңгіме, тыңдаймын<br>**Дыбыстық жаттығу:** Ә дыбысы: «әже, әке, ән». Дыбысты анық айтып, сөздің басында келетінін байқату.<br>**Сөйлеу және әңгімелесу:** Жұппен «Сен кімсің?», «Мен ...» үлгісімен сөйлесу. Әңгімелесуші сөйлеп болғанша мұқият тыңдау.<br>**Дидактикалық ойын:** «Ә дыбысы қайда?» — педагог сөздер айтады, балалар Ә дыбысы сөздің басында бар-жоғын анықтайды. | **Тақырыбы:** «Мектеп сөмкесін жинаймыз»<br>**Әдісі:** проблемалық жағдаят, сұрыптау, әңгімелесу.<br>**Тапсырма:** Әртүрлі заттардың арасынан мектепке қажетті құралдарды таңдап, бір жиын құру, жиынды бөліктерге бөлу.<br>**Ойын:** «Роботқа көмектес». Балалар роботқа тек мектепке қажетті заттарды береді.<br>**STEM/зерттеу:** Мектеп сөмкесіне заттарды өлшеміне қарай тиімді орналастыру, үлкен және кіші заттарды салыстыру.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Менің балабақшам және мектепке дайындық<br>**Тақырыбы:** «Кел, балалар, оқылық!»<br>**Автор:** Ыбырай Алтынсарин. | бастырып жүргізу.<br>**Ойын:** «Қаламға жол көрсет». Балалар қарындашпен белгіленген жолды үзбей жүргізіп шығады.<br>**Практикалық жұмыс:** Арқаны тік ұстап отыру, дәптердің орналасуын тексеру, қарындашты үш саусақпен дұрыс ұстау.<br>**Сұрақтар:** «Қарындашты қалай ұстаймыз?», «Сызықтан шықпау үшін не істеу керек?»<br>**Қорытынды:** Балалардың қол қимылы мен көз-қол үйлесімділігі дамып, жазуға дайындық дағдысы қалыптасады.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** «Мен өсіп келемін»<br>**Әдісі:** әңгімелесу, өмірлік жағдаят, салыстыру, рефлексия.<br>**Тапсырма:** Балалар өздерінің кішкентай кезі мен қазіргі кезін | сүйікті ойыншығым...» сөйлемін жалғастырып, шағын әңгіме құрастыру.<br>**Иллюстрациямен жұмыс:** Балалар кітаптағы ойыншықтар суреттерін қарап, өздеріне ұнаған иллюстрацияны таңдап, себебін айтады.<br><br>**Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Балабақшадағы дыбыстар»<br>**Әдісі:** дыбыстық жаттығу, тыңдау, қайталау, ойын әдісі.<br>**Тапсырма:** Балабақшаға қатысты сөздерді анық айту: «бала», «бақша», «кітап», «қалам», «парта». Б-п, к-қ дыбыстары кездесетін сөздерді қайталап, дұрыс дыбыстауға жаттықтыру. Заттардың қасиетін білдіретін сөздерді қолдану: үлкен кітап, қызыл қалам, жаңа парта. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Мектеп ке дайынмын»<br>**Әдісі:** рөлдік ойын, сұрақ-жауап, грамматикалық жаттығу.<br>**Тапсырма:** Мектеп құралдарын атап, зат есімдерді сан есімдермен үйлестіру: бір дәптер, екі қалам, үш қарындаш. Сын есім мен зат есімді байланыстыру: көк дәптер, ұзын қарындаш, таза кітап.<br>**Ойын:** «Мектеп дүкені». Бір бала сатушы, екіншісі сатып алушы болады. «Маған екі көк дәптер беріңізші» сияқты сөйлемдер құрайды.<br>**Сөздік жұмыс:** дәптер, қаламсауыт, сызғыш, өшіргіш, ұқыпты, мұқият, тез. | **Жанры:** өлең.<br>**Әдісі:** мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап, иллюстрациямен жұмыс.<br>**Тапсырма:** Өлеңді мәнерлеп оқып беру, балалармен оқу мен білімнің маңызы туралы әңгімелесу. Өлең мазмұны бойынша мектеп, кітап, оқу құралдары бейнеленген суреттерді қарастыру.<br>**Ойын:** «Мектепке не апарамыз?» Балалар ұсынылған суреттердің арасынан мектепке қажетті заттарды таңдап атайды.<br>**Кітаппен жұмыс:** Кітаптың мұқабасын, атауын, суреттерін қарау. Кітапты ұқыпты ұстау ережелерін еске түсіру.<br>**Сұрақтар:** «Өлең балаларды неге шақырады?», | салыстырады. «Мен бұрын...», «Қазір мен...» сөйлемдерін жалғастырып, қандай істерді өздері орындай алатынын айтады. Балабақшадан кейін мектепке баратыны, білім алу адамның өсуіне және болашақта маман болуына көмектесетіні түсіндіріледі.<br>**Ойын:** «Өсу баспалдағы». Балалар суреттерді ретімен орналастырады: сәби балабақша тәрбиеленушісі оқушы ересек адам маман.<br>**Өмірлік дағды:** Өз киімін реттеу, оқу құралдарын жинау, бастаған ісін аяқтау туралы пікірлесу.<br>**Сұрақтар:** «Сен қазір нені өзің жасай аласың?», «Мектепке не үшін барамыз?», «Өскенде кім болғың келеді?»<br><br>**Дене тәрбиесі** | **Ойын:** «Дыбысты ұстап ал». Тәрбиеші сөздерді айтады, балалар берілген дыбыс естілгенде шапалақтайды.<br>**Сөздік жұмыс:** үлкен, кіші, жаңа, таза, әдемі, ұқыпты.<br>**Диалог:** «Сенің балабақшаң қандай?», «Тобыңда не бар?» сұрақтарына толық жауап беру.<br>**Шығармашылық тапсырма:** «Егер біздің топқа жаңа ойыншық келсе...» сөйлемін жалғастырып, шағын әңгіме құрау.<br><br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау:** «Рондо-марш» Д. Кабалевский. Марштың екпінді, жинақы сипатын тыңдау. Қатты және бәсең бөліктерін байқауға назар аудару.<br>**Ән айту:** «Ана тілін сүйемін» әні: И. Нүсіпбаев, сөзі Қ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Диалог:** Балаларды өздігінен амандасып, сұрақ қойып, жауап беруге ынталандыру.<br>**Шығармашылық тапсырма:** «Мен мектепке барғанда...» тақырыбындағы әңгіменің жалғасын ойдан шығару. | «Білімді қайдан аламыз?», «Кітапты қалай ұстау керек?»<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды жоғары көтеру және жанға созу, иықты айналдыру, денені оңға-солға бұру, тізені кезек көтеру, аяқ ұшына көтерілу. 56 рет.<br>**Негізгі қимылдар:** Сапта бір-бірден жүру; белгі бойынша екеуден қайта құрылу; қысқа аралықта үшеуден жүруге әрекет ету. «Тоқта» белгісінде сапты бұзбай тоқтау.<br>**Ырғақтық жаттығу:** «Біреу екеу  үшеу» санағына сай сап құрылымын өзгерту.<br>**Қимылды ойын:** «Өз орныңды тап» — белгі бойынша бір, екі немесе үш | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қол белде, аяқ ұшына көтерілу, өкшеге түсу, табанды ішке-сыртқа жеңіл бұру, тізені бүгу-жазу, қолды жанға созу.<br>**Негізгі қимылдар:** Аяқтың ұшымен 810 қадам; аяқтың ішкі қырымен және сыртқы қырымен қысқа аралық жүру; қалыпты жүріске ауысу. Соңында белгі бойынша тоқтау.<br>**Ырғақтық жаттығу:** «Ұшы  ішкі қыр сыртқы қыр  жай қадам» ырғағымен қозғалу.<br>**Қимылды ойын:** «Ізді дәл бас» — берілген табан іздеріне сәйкес жүру тәсілін таңдау. | Толыбаев. Әннің әуенін таза айтуға, сөздерді анық жеткізуге үйрету.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Жалаушамен би» Е. Брусиловский. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес жалаушаны көтеру, түсіру, бағытты өзгерту.<br>**Музыкалық ойын:** «Ән бе, марш па?» — қысқа үзінді тыңдап, жанрын атау және неліктен солай ойлағанын бір белгі арқылы түсіндіру.<br><br>**Сурет салу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Менің балабақшам»<br>**Әдісі:** кіріктірілген шығармашылық жұмыс, үлгі бойынша орындау.<br>**Сурет** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қатарға тез әрі тыныш тұру. | | **салу:** Балабақша ғимаратын салып, қылқаламмен жуан және жіңішке сызықтар жүргізу. **Мүсіндеу:** Ермексазда н доп, гүл, ойыншық мүсіндеу. **Жапсыру:** Қағаз жолақтарынан терезе, есік қиып жапсыру. **Құрастыру:** Конструк тордан балабақша құрастыру. |
| **Серуенге дайындық** | | Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру. Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, баспалдақпен асықпай жүруге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті** | Киіну кезінде жағымды көңіл күй қалыптастыру. Ауа райына сәйкес киінуге, бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге дағдыландыру. **Салауатты өмір салты** | Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті** | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу. **Қауіпсіздік мәдениеті** |
| **Серуен** | | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйек айындағы ауа райын және алаңдағы ағаштарды бақылау. Күннің жылы немесе салқын екенін сезіну, | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйек аспанындағы бұлттарды бақылау. Аспанның түсін, бұлттардың көлемін, пішінін | **Бақылау, зерттеу:** Жаңбырдан кейінгі құрғақ және дымқыл құмды зерттеу. Құмды қолмен ұстап, қасиеттерін салыстыру. Құрғақ | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйектегі желді ауа райын бақылау. Ағаш бұтақтары мен жапырақтарының қозғалысына қарап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | аспанның ашық не бұлтты екенін анықтау. Ағаш жапырақтарының пішінін, көлемін, түсін салыстыру. Жасыл, сарғыш және сары жапырақтарды тауып, күз басталғанда жапырақтардың түсі біртіндеп өзгеретінін байқау. «Бүгін күн қандай?», «Аспанда бұлт бар ма?», «Жапырақтардың түсі қандай?» деген сұрақтар арқылы балаларды бақылағанын айтуға ынталандыру. **Қимылды ойын:** «Ақ серек, көк серек» жеңілдетілген нұсқасы. Балалар екі топқа бөлініп, тәрбиешінің белгісі бойынша белгіленген сызыққа дейін жүгіріп барады. Бір-бірін тартпай, итермей ойнау, жүгіру кезінде арақашықтықты | және қозғалысын сипаттау. Ақ, сұр, қою түсті бұлттарды салыстыру. Жел соққанда бұлттардың қозғалып бара жатқанын байқау. Қою бұлттардың жаңбыр әкелуі мүмкін екенін қарапайым түрде түсіндіру. «Бұлттар қозғалып тұр ма?», «Қай жаққа қарай жылжып барады?» деген сұрақтар қою. **Қимылды ойын:** «Көкпар» жеңілдетілген нұсқасы. Балалар белгіленген жердегі допты алып, межеге жеткізуге тырысады. Ойын шағын топпен ұйымдастырылып, бір-бірін итермеу және белгіленген бағытпен қозғалу ережелері сақталады. **Балалардың** | құмның сусып төгілетінін, дымқыл құмның пішін сақтайтынын тәжірибе арқылы байқау. «Қай құм құрғақ?», «Қай құмнан пішін жасау оңай?», «Құм неліктен дымқыл болды?» деген сұрақтар қою. **Қимылды ойын:** «Арқан тартыс» жеңілдетілген нұсқасы. Балалар шағын топтарға бөлініп, жұмсақ әрі қауіпсіз арқанды белгі бойынша өз жағына қарай тартады. Қимыл кезінде тепе-теңдікті сақтауға және бір-бірін итермеуге назар аударылады. **Балалардың дербес әрекеті:** Дымқыл құмнан көпір, жол, үйшік, мұнара жасау. Құрғақ және дымқыл құмнан жасалған пішіндерді салыстыру. Балалардың жеке құрылыстарын бір ортақ құрылысқа біріктіру. | желдің бар-жоғын анықтау. Желді бетпен және қолмен сезініп көру. Әлсіз жел кезінде жапырақтардың баяу, жел күшейгенде жылдамырақ қозғалатынын байқау. «Желдің соғып тұрғанын неден байқадық?» деген сұрақ арқылы қарапайым қорытынды жасауға жетелеу. **Қимылды ойын:** «Жел мен жапырақтар». Балалар «жапырақтар» болып алаңда қозғалады. «Жел баяу соқты» дегенде баяу жүреді, «жел күшейді» дегенде жеңіл жүгіреді, «жел тоқтады» деген белгіде тоқтайды. **Балалардың дербес әрекеті:** Құрсаумен әртүрлі әрекеттер жасау: домалату, айналдыру, құрсаудың ішінен өту, белгіленген жерге дейін жеткізу. Жеңіл |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | сақтау ережелері бекітіледі.<br>**Балалардың дербес әрекеті:** Допты жұппен бір-біріне лақтыру және қағып алу. Допты төменнен және кеуде тұсынан лақтыруға жаттығу. Допты неше рет түсірмей қағып алғанын санап көру.<br>**Еңбекке баулу:** Жерге түскен жапырақтарды көлемі немесе түсі бойынша сұрыптап жинау. Жиналған жапырақтарды белгіленген орынға апару, еңбек құралдарын ретімен қолдану | **дербес әрекеті:** Секіртпемен жеке секіруге талпыну, секіру санын санау. Секіртпені айналдыруға қиналған балаларға жерге қойылған секіртпенің үстінен қос аяқпен секіру немесе аттап өту ұсынылады.<br>**Еңбекке баулу:** Желден алаңға түскен жапырақтар мен қауіпсіз ұсақ табиғи қалдықтарды жинау. Оларды белгіленген орынға апарып, серуен алаңын таза ұстауға қатысу. | **Еңбекке баулу:** Ойын соңында құмсалғыштың бетін тегістеу. Күрекше, шелек пен қалыптарды құмнан тазартып, орнына қою. | таспа немесе жалаушаның желмен қозғалуын бақылап ойнау.<br>**Еңбекке баулу:** Жел ұшырып әкелген жапырақтарды жинау. Қолданылған ойын құралдарын реттеп, белгіленген орындарына орналастыру. |
| **Серуеннен оралу** | | Тәрбиеші артынан асықпай жүруге үйрету<br>«Адал азамат» «Заң мен тәртіп» | Өз шкафын белгісі бойынша табуға үйрету<br>«Адал азамат» «Заң мен тәртіп» | Тәрбиеші көмегімен сыртқы аяқ киімін шешу<br>«Адал азамат» «Заң мен тәртіп» еңбекке баулу | Топта киетін аяқ киімін киюге талпындыру.<br>«Адал азамат» «Заң мен тәртіп» еңбекке баулу |
| **Түскі ас** | | Мәдени-гигиеналық дағдылар. | Мәдени-гигиеналық дағдылар. | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тамақ | Қолды сабындап жуудың денсаулыққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қасықты дұрыс ұстауға және тамақты төкпей ішуге үйрету. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Майлықты қолдану, нан қиқымын шашпауға баулу. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | алдында қол жуудың маңызын түсіндіру. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | пайдасын түсіндіру<br><br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету |
| **Күндізгі ұйқы** | | Өз төсегін тауып жатуға үйрету.<br>Баяу әуен тыңдату.<br>**Салауатты өмір салты** | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **Салауатты өмір салты** | Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету<br>Бесік жырын айту<br>**Салауатты өмір салты** | Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу<br>Тыныш ұйықтау дағдысын қалыптастыру<br>**Салауатты өмір салты** |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | | Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау<br>**Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту,қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар жасау<br>**Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту;Көз жаттығуларын жасау<br>**Салауатты өмір салты** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу»<br>**Салауатты өмір салты** |
| **Бесін ас** | | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу<br>**Салауатты өмір салты** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Салауатты өмір салты** | Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту<br>**Салауатты өмір салты** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу<br>**Салауатты өмір салты** |
| **Балалардың дербес іс-** | | «Ұшады, жүзеді, | «Теңге алу», | Табиғат | Ұйымдастырылған іс- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | жүреді» үстел үсті ойыны:<br>Міндеті<br>Тәрбиеші көліктің түрлерін суреттерін көрсетеді, ал балалар қимыл-қозғалыспен оны көрсетіп ол ұшама, жүреме, жүзе ме айтады.<br>**Коммуникативтік дағдылар** | «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді (заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту<br>**Бір тұтас тәрбие** | бұрышындағы еңбек. Міндеті :Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектеседі<br>**Әлеуметтік дағдылар,экологиялық тәрбие** | әрекеттердегі мінез-құлық ережелерімен таныстыру, Жедел қызметтің телефон нөмірлері, терезе алдына шықпауға үйрету<br>**қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрі** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | | Жанали, Ерзатпен «Мен және менің атым»<br>Баланың өзін таныстыруына жағдай жасау (аты-жөні, жасы).<br>Сөздік қорын дамыту (сұрақ-жауап ойыны: «Сенің атың кім?», | Ерзат,Амирге «Түстер әлемі»<br>Негізгі түстерді (қызыл, көк, жасыл, сары) ажыратуға жеке жұмыс.<br>«Қай түс?» ойыны: тәрбиеші бір түсті көрсетеді, бала атайды. | Ерзат,Амирге «Сандар досымыз»<br>13 сандарына жеке-жеке үйрету.<br>Саусақпен, ойыншықпен санау.<br>«Қанша ойыншық бар?» ойыны арқылы санау дағдысын дамыту. | Ерзат,Сардар,Жанали«Тіл дамыту»<br>Әр баламен қысқа әңгіме: «Отбасым», «Менің сүйікті ойыншым».<br>Сөздік қорын толықтыру, сөйлем құрастыруға үйрету.<br>«Сурет бойынша |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | «Жасың нешеде?»). Ұсақ моторика: сурет дәптеріне өз атын бастырып салғызу (тәрбиеші көмегімен). | Жеке балаға түрлі түсті қарындаш беріп, дұрыс қолдануға үйрету. | | әңгімеле» әдісі: суретті көрсетіп, балаға 23 сөйлем айтқызу. |
| **Серуенге дайындық** | | Топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету | Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру | Кииміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. |
| **Серуен** | | «Құтқарушылар» **Мақсаты:** Жылдамдықты,ептілікті және мақсатқа жету дағдысын дамыту. **Шарты:** Алаңның бір шетіне бірнеше ойыншық қойылады. Балалар «құтқарушылар» болып, белгі бойынша жүгіріп барып, бір ойыншықтан алып, қауіпсіз аймаққа жеткізеді. Ойын | «Кедергілер жолағы» **Мақсаты:**Ептілікті, тепе-теңдікті, төзімділікті және негізгі қимыл дағдыларын жетілдіру. **Шарты:** Балалар белгіленген бағытпен жүріп, аласа кедергіден аттайды, доғаның астынан еңбектейді, құрсаудан өтеді және белгіленген | «Қазынаны тап» **Мақсаты:** Зейінді, кеңістікте бағдарлауды және топпен әрекет ету дағдысын дамыту. **Шарты:** Алаңға бірнеше доп немесе жалауша «қазына» ретінде жасырылып қойылады. Балалар шағын топтарға бөлініп, тәрбиешінің белгісі бойынша қазынаны іздейді. Табылған заттарды өз тобының белгіленген | . «Санға жет» **Мақсаты:** Жүгіру жылдамдығын, зейінді және санды тану дағдысын жетілдіру. **Шарты:** Алаңға 1-ден 5-ке дейінгі сандар орналастырылады. Тәрбиеші бір санды атайды, балалар сол санды тауып, оған қарай жүгіреді. Кейін санға сәйкес сонша рет қол шапалақтау немесе секіру тапсырмасы беріледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | бірнеше айналымнан тұрады, балалар бір-біріне кедергі жасамай қозғалады. | сызыққа дейін жүгіреді. Тапсырмалар балалардың жас ерекшелігіне сай қауіпсіз биіктікте ұйымдастырылады. | себетіне жинайды. | |
| **Серуеннен оралу** | | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу **Қауіпсіздік мәдениеті,еңбекке баулу** |
| **Кешкі ас** | | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Салауатты өмір салты** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Салауатты өмір салты** | Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Салауатты өмір салты** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Салауатты өмір салты** |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа** | | **Қаржылық сауаттылық Ойын атауы:** «Дүкен» **Мақсаты:** Ақша | **Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ойын атауы:** «Шындық | «**Ұлттық ойын ұлт қазынасы» Ойын атауы:** «Асық ойыны» (жеңілдетілген нұсқа) | **Адалдық әліппесі Ойын атауы:** «Жоғалған ойыншық» **Мақсаты:** Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | | туралы қарапайым түсінік қалыптастыру, санауды үйрету.<br>**Құралдар:** Жеміс-жидек макеттері, ойыншық ақша, дорба.<br>**Ойын барысы:**<br>Бір бала сатушы, қалғандары сатып алушылар.<br>Балалар ақшаларын санап, «тауарды» сатып алады.<br>Тәрбиеші «артық ақша қалды ма, әділ төледің бе?» деп бағыт береді | пен өтірік»<br>**Мақсаты:** Балаларды адалдыққа тәрбиелеу, шындықты айтуға үйрету.<br>**Құралдар:** Суреттер (мысық, ит, бала, ойыншықтар).<br>**Ойын барысы:**<br>Тәрбиеші суретті көрсетіп, қасақана қате айтады («мынау ит емес, мысық»).<br>Балалар қатесін тауып, дұрыс жауап береді.<br>«Адал бала әрқашан шындықты айтады» деп бекітеді. | **Мақсаты:** Ұлттық мұраға қызығушылық тудыру, дәлдікке, ептілікке үйрету.<br>**Құралдар:** Асықтар, сақа.<br>**Ойын барысы:**<br>Балалар кезекпен асық атады.<br>Қайсысы асықты дәл түсірсе сол жеңімпаз.<br>Тәрбиеші «ұлттық ойын халқымыздың қазынасы» екенін түсіндіреді. | адалдыққа баулу, бір-бірінің затын рұқсатсыз алмауға үйрету.<br>**Құралдар:** Қуыршақ немесе ойыншық.<br>**Ойын барысы:**<br>Тәрбиеші ойыншықты ортаға қойып: «Бұл ойыншықтың иесі жоқ сияқты. Не істейміз?» деп сұрайды.<br>Балалар: «Иесіне қайтарамыз», «Тәрбиешіге апарамыз» деп шешім айтады.<br>Соңында тәрбиеші: «Адал бала әрқашан жоғалғанды иесіне қайтарады» деп бекітеді. |
| **Балалардың үйге қайтуы** | | «Бүгін саған не ұнады?», «Қандай қызықты іс жасадың?» деп баланың күнін әңгімелесу арқылы қорытындылаңыз. | Сөмкесін бірге қарап, әр затты өз орнына қоюға дағдыландырыңыз. | «Сәлеметсіз бе?», «Рақмет», «Өтінемін», «Сау болыңыз» сияқты әдепті сөздерді күнделікті қарым-қатынаста қолдануға үлгі көрсетіңіз. | Баладан бүгін қандай ойынға немесе тапсырмаға қатысқанын сұрап, ойын толық жеткізуіне мүмкіндік беріңіз. |

**Білім беру ұйымы:** "Лад.КЗ" ЖШС. "Лиана" балабақшасы
**Топ: «Тұлпар»** мектеп алды тобы
**Балалардың жасы :** 5жас
**Жоспардың құрылу кезеңі :**07.09 -11.09 қыркүйек айы 2026 – 2027 оқу жылы

**ҚЫРКҮЙЕК ЕҢБЕККҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ**
«Білімді болғың келсе -тіліңді құрметте»

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 07.09.2026** | **Сейсенбі 08.09.2026** | **Сәрсенбі 09.09.2026** | **Бейсенбі 10.09.2026** | **Жұма 11.09.2026** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау «Күй күмбірі» «Жастар биі» күйін тыңдау.** Күйдің көңілді әуенін сезінуге, музыкаға қызығушылық танытуға мүмкіндік беру | **«Сиқырлы айна»** бала айнаға қарап, өзіне бір жақсы сөз айтады. Өзіне деген сенімділігін арттыру. | **«Досыма жылы сөз»** балалар бір-біріне қысқа комплимент немесе жылы сөз айтады. Өзара сыйластықты қалыптастыру. | **Күннің сұрағы»** тәрбиеші «Бүгін не үйренгің келеді?», «Сені не қуантады?» сияқты бір сұрақ қояды. Баланың еркін ойлауына мүмкіндік беру. | **«Таңғы таңдау»** бала үстелдегі бірнеше белгішеден өзіне ұнағанын таңдап, таңдау себебін түсіндіреді. Өз ойын жүйелі жеткізуге баулу. | **«Құпия қол алысу»** бала тәрбиешімен алдын ала ойластырылған ерекше қимыл арқылы амандасады. Балалардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыру. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | «Досыма көмектесемін» «Бүгін достарыңа көмектесіп, жақсы қарым-қатынаста болуға тырыс» деп бағыт беріңіз. | «Менің қолымнан келеді» Қоштасу кезінде «Сенің қолыңнан келеді, сәтті күн тілеймін!» деп қысқа әрі сенімді қолдау көрсетіңіз. | Үйренгенімді бөлісемін» **:** Баланың бүгін жаңа нәрсе үйренетініне қызығушылық оятыңыз. | «Оқу құралдарын ұқыпты ұстаймын» Қалам, қарындаш және басқа құралдарын ұқыпты ұстау керектігін еске салыңыз. | «Өзім киіне аламын» Балаға киімін мүмкіндігінше өздігінен киюге, түймесін салуға, аяқ киімін реттеуге уақыт беріңіз. |
| **Балалардың іс-әрекеті** | **«Досымды** | **«Көпірді қалай берік** | **«Ереже не үшін** | **«Төтенше жағдайда** | **«Сөзден сөйлем құра»** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)**<br>**«Өнегелі 15 минут»** | **қолдаймын»**<br>Тәрбиеші түрлі жағдаяттар ұсынады: досы ойынға қосылмай тұр, біреу оны мазақтады, ол көңілсіз. Балалар қандай көмек көрсетуге болатынын айтады.<br>**Буллингтің алдын алу** | **жасаймыз?»**<br>Балалар текшелер, қағаз және картоннан ойыншық көлік өтетін көпір құрастырады. Қай құрылымның берік екенін тәжірибе арқылы тексереді.<br>**STEM** | **керек?»**<br>Балалар топтағы және қоғамдық орындардағы қарапайым ережелерді талқылайды. Тәрбиеші ереженің адамдардың қауіпсіздігі мен тәртібі үшін қажет екенін түсіндіреді.<br>**Заң мен тәртіп** | **не істейміз?»**<br>Тәрбиеші өрт, түтін немесе адасып қалу сияқты қарапайым жағдаяттарды ұсынады. Балалар үлкенге хабарлау, қауіпсіз жерге шығу сияқты дұрыс әрекеттерді таңдайды.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | Тәрбиеші 23 сөз береді: «бала, доп, ойнады». Балалар осы сөздерден сөйлем құрастырады.<br>**Тіл дамыту** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Орман жануарлары»<br>**«Аю жүрісі»** денені сәл алға еңкейтіп, тізені бүгіңкіреп жүру.<br>**«Қоян секірісі»** екі аяқпен алға қарай жеңіл секіру.<br>**«Тырна»** қолды екі жаққа созып, бір аяқта бірнеше секунд тепе-теңдік сақтау, аяқты алмастыру.<br>**«Желкен»** қолды екі жаққа созып, денені алға еңкейту.<br>Баяу жүріп, тыныс алуды қалпына | «Табиғат құбылыстары»<br>**«Күн шығады»** қолды екі жақтан жоғары көтеріп созылу.<br>**«Жаңбыр жауды»** саусақ ұштарымен алақанды жеңіл тықылдату.<br>**«Кемпірқосақ»** қолды жоғары көтеріп, оңға-солға кезекпен еңкею.<br>**«Көбелек»** қолды қанат секілді сермеп, жеңіл секіру.<br>Қолды жоғары көтеріп дем алу, төмен түсіріп дем шығару.<br>**Салауатты өмір салты** | «Епті боламыз»<br>Басты оңға-солға баяу бұру.<br>Қолды алға және артқа кезекпен сермеу.<br>**«Жылан»** денені алға еңкейтіп, қолды алға созып, ирелеңдеген қимыл жасау.<br>**«Жолбарыс»** төрт тағандап қысқа қашықтыққа еңбектеу.<br>Орнынан тұрып, иықты бос ұстап, терең тыныс алу.<br>**Салауатты өмір салты** | «Сергек дене»<br>Қолды иыққа қойып, иық буынын алға және артқа айналдыру.<br>Тізені сәл бүгіп, екі аяқпен жеңіл секіру.<br>**«Жел»** қолды еркін қозғап, денені оңға-солға тербету.<br>Қолды жоғары көтеріп, арқа мен денені созу.<br>Терең дем алып, баяу дем шығару.<br>**Салауатты өмір салты** | «Көңілді қимылдар»<br>**«Көңілді қадам»** алақан соғып, бірқалыпты жүру.<br>**«Құмырсқа»** денені сәл алға еңкейтіп, ұсақ қадаммен жүру.<br>**«Балық»** қолды алдыға созып, жүзгендей қимыл жасау.<br>**«Құм сағаты»** тізені бүгіп отырып, қолды төмен түсіру; қайта тұрып, қолды жоғары көтеру.<br>Баяу жүріп, тыныс алуды қалпына келтіру.<br>**Салауатты өмір салты** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | келтіру. **Салауатты өмір салты** | | | | |
| **Таңғы ас** | Қолды сабындап жууға, жеңін түре білуге үйрету **Салауатты өмір салты** | Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Суды босқа ағызбауға үйрету Тамақтану әдебін сақтауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындау. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік** | Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану. Орталықтар дағы заттарды орнына жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік.** | Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге баулу **буллингтің алдын алу, «Адал азамат» «Заң мен тәртіп».** | Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау, құралдарды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға дағдылан дыру. **экологиялық мәдениет, буллингтің алдын алу.** | Орталықтардағы заттарды орнына жинау Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі Жетекшінің жоспарымен Т Математика негіздері Тақырыбы:** «Менің отбасым бір жиын» **Әдісі:** модельдеу, | **Сауат ашу** Менің отбасым, туыстарым және жеті атам **Тақырыбы:** «Отбасы туралы сөздер» **Әдісі:** әңгімелесу, сөздік жұмыс, суретті | **Дене тәрбиесі Жетекшінің жоспарымен Математика негіздері Тақырыбы:** «Туы старды топтастырамыз» | **Сауат ашу негіздері Тақырыбы:** «Сөзді тыңда, дыбысты сез» **Әдісі:** дыбыстық талдауға даярлау, тыңдау, салыстыру. **Тапсырма:** «Ата», «ана», «әже» сөздерін | **Дене тәрбиесі Жетекшінің жоспарымен Математика негіздері Тақырыбы:** «Жеті ата баспалдағы» **Әдісі:** реттік орналастыру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әңгімелесу, топтастыру, салыстыру.<br>**Тапсырма:** Балалар отбасы мүшелерінің суреттерін бір ортақ «Отбасы» жиынына біріктіреді. Одан кейін оларды үлкендер мен балалар болып екі бөлікке бөледі. Әр топтағы отбасы мүшелерін санап, қай топта көп, қай топта аз екенін анықтайды. Бүтін отбасы жиыны оның әр бөлігінен үлкен екенін түсіндіреді.<br>**Ойын:** «Отбасы ағашы». Балалар ата, әже, әке, ана, аға, әпке, іні, қарындас суреттерін отбасы ағашының тиісті бөлігіне орналастырып, кім қай топқа жататынын айтады.<br>**Модельдеу:** Отбасы мүшелерін фишкалар немесе текшелер арқылы | сипаттау.<br>**Тапсырма:** «Ата», «әже», «әке», «ана», «аға», «әпке» сөздерін анық айту. Әр сөздің белгілі бір адамды атайтынын түсіндіру.<br>**Ойын:** «Кімді атадым?» Тәрбиеші отбасы мүшесінің сипаттамасын айтады, балалар тиісті сөзді табады.<br>**Графикалық тапсырма:** Отбасы мүшелеріне апаратын қысқа және ұзын жолдарды бастырып жүргізу.<br>**Сұрақтар:** «Ана деген не?», «Әже деген сөз кімді білдіреді?», «Бұл сөздер кімдер туралы?»<br><br>**Тіл дамыту**<br>**Менің отбасым, туыстарым және жеті атам**<br>**Тақырыбы:** «Отбасым туралы айтамын»<br>**Әдісі:** сурет бойынша әңгімелеу, дыбыстық жаттығу, диалог. | **Әдісі:** зерттеу, жіктеу, салыстыру, Венн диаграммасы элементтері.<br>**Тапсырма:** Балалар туыстар бейнеленген суреттерді ортақ белгілеріне қарай топтастырады: үлкендер, балалар, ер адамдар, әйел адамдар. Бір адамның бірнеше топқа жатуы мүмкін екенін байқайды. Мысалы, әке үлкендер тобына да, ер адамдар тобына да кіреді. Әр топтағы адамдарды санап, салыстырады.<br>**Ойын:** «Кім қай топта?» Тәрбиеші бір туысты атайды, балалар оның қай топқа жататынын анықтап, тиісті шеңберге орналастырады.<br>**Зерттеу:** «Бір адам екі топқа бірдей | баяу айту және сөздің бірнеше дыбыстан құралатынын есту арқылы байқату. Дыбыстарды жеке-жеке санатпай, олардың ретімен айтылатынын сезіндіру.<br>**Ойын:** «Сөзді қайтала». Тәрбиеші сөзді әртүрлі дауыс ырғағымен айтады, бала дәл қайталайды.<br>**Қол жаттығуы:** Дөңгелек және доға тәрізді штрихтарды жүргізу.<br>**Сұрақтар:** «Сөзді қалай естиміз?», «Сөз бірден айтыла ма?», «Дыбыс естіле ме?»<br>**Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Жеті ата асыл мұра»<br>**Әдісі:** әңгімелесу, тізбекті әңгіме, шығармашылық жалғастыру.<br>**Тапсырма:** Туыстық атауларды дұрыс қолдану, р-л және ж-ш дыбыстары кездесетін сөздерді анық айтуға | модельдеу, көрнекілік, қимылды әдіс.<br>**Тапсырма:** Жеті атаға арналған 7 карточканы ретімен орналастыру. Барлық карточканы бір жиын ретінде қарастырып, оның бірнеше бөлігін бөліп көрсету. Балалар бүтін жиын мен оның бөліктерін салыстырып, қайсысы үлкен, қайсысы кіші екенін анықтайды.<br>**Ойын:** «Жоғалған буынды тап». Тәрбиеші жеті карточканың біреуін жасырады, балалар қай карточка жоғалғанын анықтайды.<br>**Қимылды тапсырма:** 7 бала қатарға тұрып, жеті атаны бейнелейді. Тәрбиеші 2 баланы бөлек шығарып, балаларға бүтін топ пен бөлінген бөлікті салыстыруды ұсынады.<br>**Сұрақтар:** «Барлығы нешеу?», «Бөлінген |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | белгілеп, «бір отбасы бірнеше мүшеден тұратын бір жиын» ұғымын модельдейді.<br>**Сұрақтар:** «Отбасы неше адамнан тұрады?», «Үлкендер нешеу?», «Балалар нешеу?», «Қай бөлік көп?», «Бір отбасы дегенде бір адамды айтамыз ба, әлде адамдар тобын ба?»<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Сөздік жұмыс:** өрік, жүзім, алма, қауын, қияр, сәбіз<br>**Дыбыстық жаттығу:** Ұ және І дыбыстары: «ұн, ұя, құс; ірімшік, ін, білім». Дыбыстарды салыстырып айту.<br>**Сөйлеу және әңгімелесу:** «Маған ... ұнайды, өйткені...» үлгісімен өз таңдауын түсіндіру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Басы ма, | **Тапсырма:** «әже», «аға», «іні», «ана», «әке» сөздерін анық айту. Г-ғ, н-ң дыбыстарын ажыратуға арналған сөздерді қайталау. Отбасы мүшелерін сипаттау: мейірімді ана, ақылды ата, қамқор әже.<br>**Ойын:** «Кімді сипаттадым?» Тәрбиеші отбасы мүшесін қасиеті арқылы сипаттайды, балалар табады.<br>**Сөздік жұмыс:** мейірімді, қамқор, ақылды, үлкен, кіші, тату.<br>**Грамматикалық тапсырма:** бір аға, екі әпке; мейірімді әже, еңбекқор әке тіркестерін құрау.<br>**Диалог:** «Сенің отбасыңда кімдер бар?», «Сен кімге көмектесесің?»<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** «Менің | кіре ала ма?» деген сұрақ бойынша балалар суреттерді салыстырып, өз жауаптарын дәлелдейді.<br>**Сұрақтар:** «Әже қай топқа жатады?», «Әке неге екі топқа кіре алады?», «Қай топта адам көп?», «Қай топта аз?»<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Сөздік жұмыс:** күз, қоңыр, жаңбыр, жапырақ, салқын, бұлт<br>**Дыбыстық жаттығу:** Қ дыбысы: «қыркүйек, күз, қоңыр, қарға». Қ дыбысын дұрыс артикуляциямен айту.<br>**Сөйлеу және әңгімелесу:** «Күзде мен...» үлгісі бойынша өз ойын айту. Педагог «Неліктен?» сұрағын қойып, | жаттықтыру. Үлкендерге құрмет туралы сөйлемдер құрау.<br>**Ойын:** «Сөйлемді жалғастыр». «Мен атамды сыйлаймын, себебі...», «Әжем маған...» деген сөйлемдерді балалар жалғастырады.<br>**Сөздік жұмыс:** сыйлау, құрметтеу, қамқорлық, үлкенге ізет, кішіге қамқор.<br>**Диалог:** Балалар жұптасып, өз отбасы туралы бір-біріне сұрақ қояды.<br>**Шығармашылық тапсырма:** «Атам маған бір қызық әңгіме айтып берді. Бір күні...» деп басталған әңгіменің соңын ойлап табу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** «Менің туыстарым және жеті атам» | бөлік нешеу?», «Қайсысы көп?», «Бөлік бүтіннен үлкен бола ма?»<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Отбасы ағашын өрнектейміз»<br>**Әдісі:** шығармашылық жұмыс, бастырып сызу, бояу.<br>**Тапсырма:** Дайын отбасы ағашының жиектерін бастырып, бұтақтарын штрихтау. Жапырақтарды шетке шығармай бояу.<br>**Ойын:** «Кімнің орны?» Балалар отбасы мүшелерінің суреттерін ағашқа орналастырады.<br>**Практикалық жұмыс:** Қаламды дұрыс ұстау, қағазды екінші қолмен ұстап тұру, бояуды бір бағытта жүргізу.<br>**Сұрақтар:** «Жиектен шықпай бояу үшін не істейміз?», «Қолымызды қалай ұстаймыз?»<br><br>**Дене тәрбиесі** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ортасы ма?» — Ұ және І дыбыстарының сөздегі орнын табу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Менің отбасым, туыстарым және жеті атам<br>**Тақырыбы:** «Кімнің баласысың?»<br>**Автор:** Мұзафар Әлімбаев.<br>**Жанры:** тақпақ.<br>**Әдісі:** мәнерлеп оқу, қайталау, сұрақ-жауап.<br>**Тапсырма:** Тақпақты тыңдап, отбасы мен Отан туралы сөздердің мағынасын түсіну. Балалар өз отбасы мүшелерін атап, «Мен анамның баласымын», «Мен атамның немересімін» үлгісінде сөйлемдер құрайды.<br>**Ойын:** «Кім кімге кім болады?» Тәрбиеші «ана», «ата», «әже», | отбасым менің тірегім»<br>**Әдісі:** отбасылық әңгіме, суретпен жұмыс, модельдеу.<br>**Тапсырма:** Балалар отбасы мүшелерін атап, олардың бір-біріне қандай қамқорлық көрсететінін әңгімелейді. Өзінің үйдегі міндеттерін атайды: ойыншықтарды жинау, дастарқан жасауға көмектесу, кішілерге қамқор болу.<br>**Ойын:** «Кімге қалай көмектесемін?» Тәрбиеші «Әже ауыр сөмке көтеріп келеді», «Інің ойыншығын таба алмай жүр» сияқты жағдаяттар айтады, балалар дұрыс әрекетті ұсынады.<br>**Өмірлік дағды:** «Рақмет», «өтінемін», «көмектесейін», «кешіріңіз» сөздерін жағдаятқа сай қолдану.<br>**Музыка** | толық жауапқа жетелейді.<br>**Дидактикалық ойын:** «Қ дыбысының орны» — сөздің басында, ортасында немесе соңында тұрған Қ дыбысын анықтау.<br><br>**Сурет салу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Менің отбасымның үйі»<br>**Әдісі:** модельдеу, композиция құру.<br>**Сурет салу:** Үй мен отбасы бейнесін қарапайым сюжетпен салу.<br>**Мүсіндеу:** Ермексаздан үйге қажетті зат немесе гүл мүсіндеу.<br>**Жапсыру:** Симметриялы тәсілмен жүрек, гүл, үй бөлшектерін жапсыру.<br>**Құрастыру:** Қағаз | **Әдісі:** шежіре моделі, әңгімелесу, сәйкестендіру.<br>**Тапсырма:** Өз жұрты, ата-әже, жақын туыстар, нағашы жұрт туралы бастапқы түсінік қалыптастыру. Туыстық атауларды суреттермен сәйкестендіру. Жеті ата ұғымының отбасылық тарихпен байланысты екенін түсіндіру.<br>**Ойын:** «Туыстық шеңбер». Балалар «ата», «әже», «нағашы», «аға», «әпке» карточкаларын тиісті отбасылық шеңберге орналастырады.<br>**Модельдеу:** Қарапайым «Менің отбасым» ағашын құрастыру.<br><br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау:** «Таңғы бұлт» С. Кибирова. Шығарманың сабырлы көңіл-күйін, дыбыстың бәсең және күшейе түсуін байқау. | **жетекшісінің жоспарымен**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Әке мен бала»<br>**Автор:** Ыбырай Алтынсарин.<br>**Жанры:** әңгіме. Ыбырай Алтынсариннің бұл шығармасы еңбек тақырыбындағы тәрбиелік әңгімелерінің қатарына жатады.<br>**Әдісі:** әңгімелеп беру, проблемалық сұрақ, рөлдік көрініс.<br>**Тапсырма:** Шығарманы балалардың жасына лайық ықшамдап әңгімелеу. Әке мен баланың іс-әрекетін салыстырып, үлкеннің ақылын тыңдау туралы пікірлесу.<br>**Ойын:** «Дұрыс әрекетті таңда». Тәрбиеші бірнеше жағдаят айтады, балалар дұрыс әрекетті таңдап түсіндіреді.<br>**Сахналау:** Әке мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «немере» сөздерін айтып, балалар туыстық байланысты анықтайды.<br>**Театр элементі:** Балалар тақпақтың сұрақ-жауап түріндегі бөлігін жұппен рөлге бөліп орындайды.<br>**Иллюстрациямен жұмыс:** Отбасы бейнеленген суретті қарап, суреттегі кейіпкерлерді атау. | **Музыка тыңдау:** «Гүлдерайым» халық әні. Әуеннің лирикалық сипатын, тынысын, көңіл-күйін сезіну және тыңдалған музыка туралы әсерін айту.<br>**Ән айту:** «Алтын күз» әні: Т. Кулинова, сөзі Ә. Асылбек. Күз мезгіліне сай әнді мәнерлі орындау, әуен бағытын сезіну.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Ақ сиса» қазақтың халық әні, өңдеген Б. Дәлденбаев. Музыка ырғағына сай жеңіл қадамдар мен қол қимылдарын орындау.<br>**Музыкалық ойын:** «Әуенді сипатта» — балалар халық әуенін «жай», «көңілді», «мұңды», «салтанатты» сияқты сөздермен сипаттайды. | дан немесе конструктордан үй құрастыру.<br>**Ойын:** «Үйді безендір». | **Ән айту:** «Жаңбыр» Б. Бейсенова. Дыбысты жеңіл бастап, мәтін мазмұнына сай мәнерлі айтуға ынталандыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Жапырақтар биі» М. Раухвергер. Музыканың баяу және жылдам бөліктеріне сәйкес қимыл қарқынын өзгерту.<br>**Музыкалық ойын:** «Қатты ма, ақырын ба?» — педагог қысқа үзінділерді тыңдатып, динамикасын анықтауды ұсынады. | баланың қысқа диалогын екі бала рөлге бөліп көрсетеді.<br>**Иллюстрациямен жұмыс:** Оқиғаға сәйкес суреттерді ретімен орналастыру: басы ортасы соңы. |
| **Серуенге дайындық** | Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге | Киіну кезінде жағымды көңіл күй | Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету. | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттықтыру.<br>Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, баспалдақпен асықпай жүруге үйрету.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | қалыптастыру. Ауа райына сәйкес киінуге, бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге дағдыландыру.<br>**Салауатты өмір салты** | **Қауіпсіздік мәдениеті** | баулу.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | **Қауіпсіздік мәдениеті** |
| **Серуен** | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйектегі гүлзарды бақылау. Гүлдердің түсін, көлемін, иісін салыстыру. Гүлдің сабағы, жапырағы, күлтесі бар екенін еске түсіру. Кейбір гүлдердің әлі гүлдеп тұрғанын, ал кейбірінің сола бастағанын байқау. Салқын ауа райының өсімдіктерге біртіндеп әсер ететінін қарапайым түрде түсіндіру.<br>**Қимылды ойын:** «Теңге ілу» жеңілдетілген нұсқасы. Балалар белгіленген | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйектегі құстарды бақылап, олардың дауысын тыңдау. Құстардың ұшуын, жерде жүруін, жем іздеуін байқау. Күн салқындай бастағанда құстардың тіршілігінде де өзгерістер болатынын айту. Таныс құстарды атауға талпындыру. Құстарға жақындамай, сырттай бақылау керектігін түсіндіру.<br>**Қимылды ойын:** «Асық ату» жеңілдетілген нұсқасы. Ірі қауіпсіз асық үлгілерін немесе арнайы ойын құралдарын белгіленген нысанаға | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйек күніндегі көліктерді қауіпсіз жерден бақылау. Ауа райы ашық немесе бұлтты екенін анықтап, жолдың құрғақ не дымқыл болуына назар аудару. Көліктерді түсі мен көлеміне қарай салыстыру. Белгілі бір уақыт ішінде өткен бірнеше көлікті санау.<br>**Қимылды ойын:** «Жалаушаны әкел». Алаңның әр жеріне түрлі түсті жалаушалар қойылады. | **Бақылау, зерттеу:** Желдің бағытын ағаш жапырақтарының қозғалысына, жалауша немесе жеңіл таспаның тербелуіне қарап анықтау. Желдің қатты немесе баяу соғуын салыстыру. Алақанды алға созып, желді сезініп көру. Жел күшейген кезде ағаш жапырақтарының көбірек қозғалатынын байқату.<br>**Қимылды ойын:** «Жел мен ағаш». Балалар ағаш болып тұрады. «Жел баяу соқты» дегенде денесін ақырын тербетеді, «жел күшейді» дегенде | **Бақылау, зерттеу:** Ағаш бұтақтары мен жапырақтарды бақылау. Ұзын және қысқа, жуан және жіңішке бұтақтарды салыстыру. Қыркүйек ортасына қарай кейбір жапырақтардың сарғайып, жерге түсе бастағанын байқау. Жасыл және сары жапырақтарды салыстырып, күзгі өзгерістер туралы әңгімелесу.<br>**Қимылды ойын:** «Алға артқа». Тәрбиеші «алға», «артқа», «оңға», «солға», «тоқта» деген белгілер береді. Балалар команданы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағытпен жүріп немесе жеңіл жүгіріп, жерге қойылған ірі қауіпсіз заттарды еңкейіп алып, себетке жеткізеді. Қозғалыс кезінде бір-бірімен соқтығыспауға үйрету.<br>**Балалардың дербес әрекеті:** Қуыршақтармен «Дүкен», «Қонақ күту», «Отбасы» сияқты рөлдік ойындар ойнау. Балалардың рөлдерді өзара бөлісуіне және қарапайым диалог құруына мүмкіндік беру.<br>**Еңбекке баулу:** Гүлзар маңындағы түскен жапырақтарды жинау. Қажет болған жағдайда тәрбиешінің көмегімен гүлдерге аз мөлшерде су құю. | қарай домалату. Балалардың кезекпен әрекет етуіне жағдай жасау.<br>**Балалардың дербес әрекеті:** Кеглилерді доппен дәлдеп құлату. Қашықтықты біртіндеп өзгертіп, неше кегли құлағанын бірге санау.<br>**Еңбекке баулу:** Құстарға арналған арнайы жерге аз мөлшерде жем салу. Жем шашқан орынды таза ұстау. | Тәрбиеші атаған түстегі жалаушаны тауып, белгіленген жерге жеткізу. Балаларды түсті дұрыс ажыратып, белгі бойынша әрекет етуге жаттықтыру.<br>**Балалардың дербес әрекеті:** Жалауша лардан шеңбер, үшбұрыш, ұзын және қысқа жол сияқты қарапайым пішіндер құрастыру. Жалаушалармен жүру, жүгіру және қолды жоғары-төмен көтеру қимылдарын орындау.<br>**Еңбекке баулу:** Серуен соңында жалаушаларды және ойын құралдарын жинап, өз орындарына орналастыру. | көбірек тербеледі, «жел тоқтады» дегенде қимылсыз тұрады.<br>**Балалардың дербес әрекеті:** Асфальтқа бормен күн, бұлт, жаңбыр тамшысы, шеңбер, шаршы, үшбұрыш және әртүрлі сызықтар салу. Салған суреттері туралы әңгімелеу.<br>**Еңбекке баулу:** Борларды түстеріне қарай жинап, қорабына салу. Сурет салған орынды және пайдаланылған құралдарды ретке келтіру. | тыңдап, дұрыс орындауға тырысады.<br>**Балалардың дербес әрекеті:** Әткеншекте кезекпен тербелу, өз кезегін күту және қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ауа райы желді болса, ағаштардың қозғалысын әткеншектен бақылау.<br>**Еңбекке баулу:** Әткеншек маңындағы түскен жапырақтар мен қолданылған ойыншықтарды жинау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен қайтарда тәрбиеші көмегімен қатарға тұруға үйрету | Тәрбиеші артынан асықпай жүруге үйрету | Өз шкафын белгісі бойынша табуға үйрету | Тәрбиеші көмегімен сыртқы аяқ киімін шешу | Топта киетін аяқ киімін киюге талпындыру. |
| **Түскі ас** | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тағамның иісі,дәмі жайлы әңгімелесу Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Қасықты дұрыс ұстауға және тамақты төкпей ішуге үйрету. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Майлықты қолдану, нан қиқымын шашпауға баулу. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тамақ алдында қол жуудың маңызын түсіндіру. Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету | Қолды сабындап жуудың денсаулыққа пайдасын түсіндіру<br><br>Қауіпсіздік мәдениетін сақтауға үйрету |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімін шешуге көмектесу, орындыққа ілу. Бесік жырын тыңдату. **Салауатты өмір салты** | Өз төсегін тауып жатуға үйрету. Баяу әуен тыңдату. **Салауатты өмір салты** | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. **Салауатты өмір салты** | Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту **Салауатты өмір салты** | Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу Тыныш ұйықтау дағдысын қалыптастыру **Салауатты өмір салты** |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу » **Салауатты өмір салты** | Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау **Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту,қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар жасау **Салауатты өмір** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту;Көз жаттығуларын жасау **Салауатты өмір салты** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу» **Салауатты өмір салты** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **салты** | | |
| **Бесін ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. **Салауатты өмір салты** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Салауатты өмір салты** | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету **Салауатты өмір салты** | Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту **Салауатты өмір салты** | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу **Салауатты өмір салты** |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Ойыншық жемістерді көрсету. Көлемі,түсідәмі қандай сұрау. Осындай жемістер жасаймыз деп сазбалшықты алақан арасында домалақтау әдісін қайталап пысықтау**(Мүсіндеу)** фламастерлер беріп осындай жемістердің суретін салуға болады деп көрсетіп үйрету **(сурет салу)**<br><br>**Саусақ театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. | Кітаптар қарап ата апа, ана әке, аға, әпке сөздерін айтуын пысықтау. **(Тіл дамыту және көркем әдебиет)**<br><br>**Қуыршақ театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. **Сазбалшық** Сазбалшықпен ойындар | Ойыншық жемістерді көрсету. Көлемі,түсідәмі қандай сұрау. Осындай жемістер жасаймыз деп сазбалшықты алақан арасында домалақтау әдісін үйретуді жалғастыру. **(Мүсіндеу)**<br><br>**Көлеңке театры** «Бауырсақ» ертегісімен таныстыру. | Кітаптардан көліктердің суреттерін көрсету. Көліктің дыбысын салуды үйрету. **(Қоршаған әлеммен таныстыру)** Жаңбырдың суреттерін көрсету.Сұқ саусақтарын бояуға тигізіп, қағазға таңба қылып басып, жаңбыр тамшыларын салдырту. | Балаларға мысықты көрсетеді ол далада жүріп табаны лас бопты енді еденде жүргенде және қағазға аяғын басқанда іздері қалыпты деп қағаз бетіндегі іздермен таныстыру. Сосын сұқ саусақпен дақтар түсіру арқылы мысықтың ізін қағаз бетіне салуды үйрету Бояуды дұрыс пайдалануға жаттықтыру. **(Сурет салу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сардарға,Амирге, Ерзатка «Күзгі жапырақтар» Қылқаламды дұрыс ұстауға үйрету. Бір бағытта бояу. | Жамиля,Жаналиге «Менің сүйікті ойыншығым» Баламен әңгіме. «Ойыншық қандай?» сұрағына жауап. | Ерзатка ,Сардарға Қимыл-қозғалыс **Ойын:** «Қояндар секіреді» Секіру қимылдарын орындау. Жылдамдықты дамыту. | Айзада, Сардарға «Алма мүсіндеу» Ермексазды ширату, домалақтау. Алманың түсі мен пішінін айту. | Ерзат,Жаналиге Терезе мен есік» Қағаздан тіктөртбұрыш қиып алу. Үй суретіне жапсыру. |
| **Серуенге дайындық** | Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: | Топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету | Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру | Кииміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. |
| **Серуен** | Жасыл жарық қызыл жарық» **Мақсаты:** Нұсқауды тыңдау, қозғалысты басқару және белгі бойынша тоқтау дағдыларын дамыту. **Шарты:** «Жасыл жарық» белгісінде балалар алға жүреді немесе жеңіл жүгіреді. «Сары жарық» кезінде қозғалысын баяулатады, «Қызыл жарық» дегенде | . «Арқан тартыс» **Мақсаты:** Дене күшін, тепе-теңдікті және командалық әрекетті дамыту. **Шарты:** Балалар екі шағын топқа бөлінеді. Белгі бойынша жұмсақ, қауіпсіз арқанды өз жағына қарай тартады. Балаларға арқанды қолынан босатып жібермеу және артқа құламайтындай арақашықтық сақтау | «Ұшқыштар» **Мақсаты:** Қозғалыс үйлесімділігін, кеңістікте бағдарлауды және белгі бойынша әрекет етуді дамыту. **Шарты:** Балалар қолдарын екі жаққа жайып «ұшақ» болып алаңда қозғалады. Белгіленген кедергілерді айналып өтіп, | «Допты кім шапшаң жеткізеді?» **Мақсаты:** Допты басқару, жылдамдық және қимыл үйлесімділігін дамыту. **Шарты:** Балалар допты белгіленген сызыққа дейін аяқпен домалатып немесе қолмен алып жүреді. Межеге жеткен соң допты келесі балаға береді. Ойын эстафета түрінде шағын топпен жүргізіледі. | «Ойыншықтарды жеткіз» **Мақсаты:** Ептілікті, көз мөлшерін және бағыт бойынша қозғалу дағдысын дамыту. **Шарты:** Алаңға бірнеше ойыншық қойылады. Балалар белгі бойынша бір ойыншықтан алып, оны белгіленген шеңберге немесе себетке жеткізеді. Жолда конустарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірден тоқтайды. Белгілердің реті ауыстырылып отырады | ескертіледі. | «әуежайға қону» белгісінде өз орындарына келеді. «Жоғары ұш», «төмен ұш», «бұрыл» сияқты қарапайым нұсқаулар беріледі. | | айналып өтуге болады. |
| **Серуеннен оралу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу | Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу |
| **Кешкі ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету | Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-** | Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік жайлы әңгімелесу «Бағдаршам» | Жұмбақтар Міндеті Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту | «Күз мезгілі» Суреттер құрастыру Міндеті | Еркін ойын: "Кімнің заттары? " (достарының заттарын анықтау) | Еркін ойын: Ойын-жаттығу Міндеті құрастыру мүмкіндігін дамыту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | мобильді ойыны (Балалар бағдаршамның айналасында тұрады. «Барамыз, барамыз, барамыз» әнінің аудио жазбасы естіледі. Бағдаршам қызыл (жасыл немесе сары) жалаушаны көтереді. Жасыл сигнал түссе балалар шеңбер бойымен жүреді, қызыл түсте тоқтайды, сары түсте қол соғады) | дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Көшелермен шағын үйлер өтеді. Ересектер мен балаларды қала бойына апарады. (Автобус) | Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау. | Міндеті үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестір Суретті кітапшаларды бояу, пазлдар, мозайка және т.б | «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру. «Ә», «Ү», «Ы» , «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді) |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Бүгін кімге көмектестің? Саған кім көмектесті?» деп әңгімелесіңіз. | Баланың сол күнгі бір жақсы әрекетін атап, нақты мақтаңыз: «Заттарыңды өзің жинағаның маған ұнады». | Балабақшада үйренген өлеңін, тақпағын, қимылын немесе жаңа сөзін сізге көрсетуіне мүмкіндік беріңіз. | Құралдарының жағдайын бірге қарап, оларды өз орнына жинауға дағдыландырыңыз. | Нәтижесіне ғана емес, талпынысына да назар аударып: «Бүгін өзің киінуге тырыстың, жарайсың!» деп қолдаңыз. |

**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** "Лад.КЗ" ЖШС. "Лиана" балабақшасы
**Топ: «Тұлпар»** мектеп алды тобы
**Балалардың жасы :** 5жас
**Жоспардың құрылу кезеңі :**14.09 -184.09 қыркүйек айы 2026 – 2027 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 14.09.2026** | **Сейсенбі 15.09.2026** | **Сәрсенбі 16.09.2026** | **Бейсенбі 17.09.2026** | **Жұма 18.09.2026** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Балаларды қабылдау «Күй күмбірі» «Кеңес» күйін тыңдау.** Қазақтың күй өнерімен таныстыру, ұлттық мәдениетке құрмет сезімін қалыптастыру. | **«Жақсылық жүрекшесі»** бала жүрекше алып, бүгін кімге қандай жақсы іс жасайтынын айтады. Қамқорлық пен жауапкершілікке тәрбиелеу. | **«Менің таңғы жаңалығым»** бала үйден келген бір қызықты жаңалығын немесе жақсы әсерін айтып бөліседі. Байланыстырып сөйлеу дағдысын дамыту. | **«Көңіл күй бұлты»** бала өзінің көңіл күйін күн, бұлт, жаңбыр немесе кемпірқосақ бейнесі арқылы көрсетеді. Сезімді бейнелі түрде жеткізуге үйрету. | **«Бес жақсы сөз»** балалар кезекпен бес жағымды сөз атайды. Сөздік қорын және жағымды қарым-қатынасты дамыту. | **«Қуаныш жүрекшесі»** бала жүрекше алып, бүгін кімге қандай жақсы іс жасайтынын айтады. Қамқорлық пен жауапкершілікке тәрбиелеу. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | «Бүгін қандай жаңа нәрсе үйренетінің қызық екен» деп танымдық қызығушылығын арттырыңыз. | «Менің міндетім» Үйде жасына сәйкес шағын міндет беріңіз: ойыншығын жинау, кітабын орнына қою немесе өз төсегін реттеуге көмектесу. | «Жақсылық жасау» «Бүгін бір адамды жақсы ісіңмен қуант» деп ұсыныс айтыңыз. | «Мен жақсы үлгі көрсетемін» Баланың тәртіптілігі мен әдепті әрекетінің өзгелерге жақсы үлгі болатынын түсіндіріңіз. | «Ұқыптылыққа үйренеміз» Жеке заттары мен оқу құралдарын ұқыпты пайдалануды еске салыңыз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)**<br>**«Өнегелі 15 минут»** | **«Суды үнемдейік»**<br>Тәрбиеші суды босқа ағызу мен суды үнемдеп пайдалану әрекеттерін көрсетеді. Балалар қай әрекеттің дұрыс екенін түсіндіреді.<br>**Таза Қазақстан** | **«Магнит нені тартады?»**<br>Балалар әртүрлі заттарды магнитке жақындатып, қай заттардың тартылатынын бақылайды. Нәтижесін салыстырады.<br>**STEM** | **«Рұқсат пен келісім»**<br>Балалар жұппен ойнап, бір-бірінің затын алар алдында рұқсат сұрайды. «Бола ма?», «Рақмет», «Қазір болмайды» сияқты сөздерді қолданады.<br>**Құқықтық сауаттылық** | **«Жақсы сөз жақсы қарым-қатынас»**<br>Балалар бір-біріне жылы сөздер айтады. Тәрбиеші мазақтау, келемеждеу, әдейі шеттету дұрыс емес екенін түсіндіреді.<br>**Буллингтің алдын алу** | **«Мамандықтар әлемі»**<br>Тәрбиеші дәрігер, аспаз, мұғалім, құрылысшы, жүргізуші мамандықтарының құралдарын көрсетеді. Балалар құралды тиісті мамандықпен сәйкестендіреді.<br>**Еңбек және кәсіпке баулу** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Құстар мен жаңбыр»<br>**«Құстар ұшып барады»** қолды жанға созып, жеңіл жүгіру.<br>**«Ағаш»** аяқ иық деңгейінде, қолды жоғары көтеріп, денені тік ұстап тұру.<br>**«Жаңбырдан қашамыз»** орнында жеңіл әрі жылдам жүгіру.<br>**«Шалқанды тартамыз»** қолды алға созып, кейін шынтақтан бүгіп кеудеге қарай тарту. | «Аспан әлемі»<br>**«Күнге қараймыз»** басты жоғары көтеріп, қайта түзу ұстау.<br>**«Бұлттар келеді»** қолды екі жаққа жайып, шеңбер бойымен айналдыру.<br>**«Жаңбыр жауады»** алақанды ырғақпен соғу.<br>**«Кемпірқосақ»** бір қолды жоғары көтеріп, қарама-қарсы жаққа еңкею.<br>Терең тыныс алу.<br><br>**салауатты өмір салты** | «Үй құстары мен жануарлар»<br>**«Қораз»** кеудені тік ұстап, қолды сермеп адымдау.<br>**«Қоян»** тізені сәл бүгіп, екі аяқпен секіру.<br>**«Тырна»** бір аяқта тепе-теңдікті сақтау, кейін аяқты ауыстыру.<br>**«Көбелек»** қолды қанат секілді қағып жүру.<br>Баяу жүру және тыныс алуды реттеу.<br>**салауатты өмір салты** | «Еңбекқор балалар»<br>Қолды жоғары-төмен кезекпен сермеу.<br>**«Жер жыртамыз»** қолды алға созып, отырып-тұру.<br>**«Күн мен ай»** денені оңға және солға кезекпен бұру.<br>Орнында екі аяқпен жеңіл секіру.<br>Қолды жоғары көтеріп дем алу, төмен түсіріп дем шығару. **салауатты өмір салты** | «Орманда»<br>**«Жел соқты»** қолды екі жаққа жайып, денені оңға-солға тербету.<br>**«Аю жүрісі»** тізені сәл бүгіп, ауыр қадаммен жүру.<br>**«Құмырсқа жүрісі»** денені алға сәл еңкейтіп, ұсақ қадаммен жүру.<br>**«Шалқанды тартамыз»** қолды алға созып, өзіне қарай ырғақпен тарту.<br>Баяу жүріп, тыныс алуды қалыпқа келтіру.<br>**салауатты өмір салты** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Баяу жүріс және тыныс алу жаттығуы **салауатты өмір салты** | | | | |
| **Таңғы ас** | Қолды сабындап жууға, жеңін түре білуге үйрету **Салауатты өмір салты** | Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Суды босқа ағызбауға үйрету Тамақтану әдебін сақтауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындау. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік** | Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану. Орталықтар дағы заттарды орнына жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік.** | Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге баулу **буллингтің алдын алу, «Адал азамат» «Заң мен тәртіп».** | Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау, құралдарды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға дағдыла ндыру. **экологиялық мәдениет, буллингтің алдын алу.** | Орталықтардағы заттарды орнына жинау Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі жетекшісінің жоспарымен**<br><br>**Математика негіздері** | **Сауат ашу**<br>Достық және өзара сыйластық<br>**Тақырыбы:** «Жылы сөздер»<br>**Әдісі:** сөздік ойын, | **Дене тәрбиесі жетекшісінің жоспарымен**<br>**Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Дыбыс ты қимылмен көрсет»<br>**Әдісі:** қимылды ойын, тыңдау, есту зейіні. | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Бүтін және бөлік»<br>**Әдісі:** модельдеу, тәжірибе, салыстыру, проблемалық сұрақ. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тақырыбы:** «Достар жиыны»<br>**Әдісі:** қимылды топтастыру, жұптық жұмыс, салыстыру, санау.<br>**Тапсырма:** Балаларды белгілі бір белгі бойынша топтарға бөлу: киім түсі, белгі түсі, ұлдар мен қыздар. Әр топтағы балалар санын анықтап, көп, аз, тең ұғымдарын қолдану.<br>**Ойын:** «Достық аралдары». Еденге түрлі түсті шеңберлер қойылады. Музыка тоқтағанда балалар қолындағы белгі түсіне сәйкес аралға жиналады.<br>**Жұптық тапсырма:** Екі бала өз топтарындағы фишкаларды санап, қай топта көп, қай топта аз екенін анықтайды.<br>**Сұрақтар:** «Қай аралда бала көп?», «Қай аралда аз?», | жұптық жұмыс, әңгімелесу.<br>**Тапсырма:** «Дос», «рақмет», «өтінемін», «кешір» сияқты сөздердің мағынасын түсіндіру және дұрыс қолдануға жаттықтыру.<br>**Ойын:** «Жылы сөз сыйла». Балалар бір-біріне жақсы сөз айтады.<br>**Графикалық тапсырма:** Екі дос бейнесінің арасын түрлі сызықтармен қосу.<br>**Сұрақтар:** «Досқа қандай сөз айтамыз?», «Жақсы сөз адамның көңіл күйіне қалай әсер етеді?»<br>**Тіл дамыту**<br>Достық және өзара сыйластық<br>**Тақырыбы:** «Жақсы дос қандай?»<br>**Әдісі:** проблемалық жағдаят, пікірлесу, сөздік ойын.<br>**Тапсырма:** Досқа тән қасиеттерді білдіретін сын есімдерді қолдану: адал, мейірімді, | «Пішіндер достасады»<br>**Әдісі:** логикалық жіктеу, практикалық жұмыс, құрастыру, салыстыру.<br>**Тапсырма:** Геометриялық пішіндерді түсі, көлемі және пішіні бойынша бірнеше жиынға бөлу. Мысалы, барлық қызыл пішіндер, барлық дөңгелектер, барлық үлкен пішіндер. Бір пішіннің бірнеше белгіге сәйкес келетінін анықтау.<br>**Ойын:** «Пішіндер зертханасы». Балалар тәрбиешінің белгісі бойынша тиісті пішіндерді тез тауып, бір топқа жинайды.<br>**Құрастыру:** Жиналған пішіндерден үй, ағаш, көлік немесе еркін бейне құрастыру.<br>**Сұрақтар:** «Бұл пішін қай топқа | **Тапсырма:** Қатты, бәсең, ұзақ, қысқа дыбыстарды тыңдау және қимылмен көрсету.<br>**Ойын:** «Дыбысқа жауап бер». Қатты дыбыста қол шапалақтау, бәсең дыбыста саусақ ұшымен қимыл жасау.<br>**Графикалық жұмыс:** Ұзақ дыбысқа ұзын сызық, қысқа дыбысқа қысқа сызық салу.<br>**Сұрақтар:** «Қай дыбыс ұзақ болды?», «Қайсысы қысқа?», «Қайсысы қатты естілді?»<br>**Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Сыпайы сөздер әлемі»<br>**Әдісі:** жағдаяттық ойын, рөлдік диалог, қайталау.<br>**Тапсырма:** «рақмет», «өтінемін», «кешіріңіз», «рұқсат па?» сөздерін қарым-қатынас кезінде дұрыс қолдану. Р-л | **Тапсырма:** 68 заттан бір жиын құрып, оны екі немесе үш бөлікке бөлу. Әр бөлікті санау және барлық бөліктерді қайта біріктіру. Бүтін жиын мен оның бөліктерінің санын салыстыру.<br>**Ойын:** «Жоғалған достар». Бір жиыннан бірнеше зат алынып тасталады, балалар жоғалған бөлікті тауып, жиынды толықтырады.<br>**Тәжірибе:** «Бөлік бүтіннен үлкен бола ала ма?» деген сұрақты фишкалармен тексеру. Балалар бірнеше рет бөліп, қайта біріктіреді.<br>**Сұрақтар:** «Бүтін жиында неше зат бар?», «Бір бөлікте нешеу?», «Қайсысы көп?», «Бөліктерді біріктірсек не болады?»<br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Достық өрнегі»<br>**Әдісі:** штрихтау, үлгі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Екі топ тең болуы мүмкін бе?», «Барлық балаларды біріктірсек не шығады?»<br>**Қазақ тілі**<br>**Сөздік жұмыс:** балабақша, тәрбиеші, бөлме, ойын, кітап, асхана<br>**Дыбыстық жаттығу:** Ғ дыбысы: «ғарыш, ғалым, ағаш, шағала». Ғ дыбысын сөз ішінде анық айтуға жаттықтыру.<br>**Сөйлеу және әңгімелесу:** «Балабақшада мен...» сөйлемін жалғастыру және өз әрекетін түсіндіру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Ғ қай жерде?» — Ғ дыбысының сөздің басында немесе ортасында келуін анықтау.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Алдар көсе хикаялары» | көңілді, қамқор, сыпайы. З-с, ж-ш дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыру.<br>**Ойын:** «Досыма жақсы сөз». Балалар бір-біріне жақсы қасиетін атап, сөйлем айтады.<br>**Грамматикалық тапсырма:** «Менің досым мейірімді», «Екі дос бірге ойнады» үлгісімен сөйлемдер құрау.<br>**Диалог:** «Досыңнан ойыншықты қалай сұрайсың?», «Досың ренжіп қалса не айтасың?»<br>**Шығармашылық тапсырма:** «Екі дос орманға серуенге шықты...» әңгіменің жалғасын ойдан құрастыру.<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** «Мен жақсы адам болуға талпынамын»<br>**Әдісі:** құндылықтар әңгімесі, жағдаяттық тапсырма, өзіндік | жатады?», «Қызыл дөңгелек екі түрлі жиынға кіре ала ма?», «Қай пішіндер көп?»<br>**Қазақ тілі**<br>**Сөздік жұмыс:** ойнайды, оқиды, салады, құрастырады, көмектеседі<br>**Дыбыстық жаттығу:** Ң дыбысы: «аң, таң, жаңбыр, шаң». Ң дыбысын дұрыс айту және есту арқылы ажырату.<br>**Сөйлеу және әңгімелесу:** «Ол не істеп жатыр?» сұрағына толық сөйлеммен жауап беру. Өз әрекеті мен құрдасының әрекетін салыстыру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Ң дыбысының орнын тап» — дыбыстың сөздің ортасында немесе соңында келуін анықтау. | дыбыстарын анық айту.<br>**Ойын:** «Сиқырлы сөзді айт». Тәрбиеші түрлі жағдаят ұсынады, бала сәйкес сыпайы сөзді қолданады.<br>**Сөздік жұмыс:** сыпайы, әдепті, жылы, жай, байыппен.<br>**Диалог:** Балалар дүкенде, ойын алаңында, қонақта болатын шағын диалогтерді өздігінен бастайды.<br>**Шығармашылық тапсырма:** «Бір күні екі дос ойыншыққа таласып қалды...» оқиғасының жақсы аяқталуын ойлап табу.<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** «Жауапк ершілік деген не?»<br>**Әдісі:** проблемалық жағдаят, пікірталас, рөлдік ойын. | бойынша орындау, шығармашылық әдіс.<br>**Тапсырма:** Геометрия лық фигуралардан құрылған өрнекті бастырып, ішін әртүрлі бағытта штрихтау.<br>**Ойын:** «Өрнекті жалғастыр». Балалар берілген фигуралар ретін жалғастырады.<br>**Практикалық жұмыс:** Қарындашты қатты баспай ұстау, штрихтарды бір бағытта орындау.<br>**Сұрақтар:** «Қай фигура қайталанып тұр?», «Штрихты қай бағытта жүргіздің?»<br>**Дене тәрбиесі жетекшісінің жоспарымен**<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Достық және өзара сыйластық<br>**Тақырыбы:** «Мақта қыз бен мысық»<br>**Автор:** қазақ халық ертегісі.<br>**Жанры:** ертегі.<br>**Әдісі:** ертегіні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Автор:** халық ауыз әдебиеті негізіндегі Алдар көсе туралы хикаялар; балаларға арналған нұсқаларының бірі Мұзафар Әлімбаев атымен жарияланған.<br>**Жанры:** хикая, күлдіргі әңгіме.<br>**Әдісі:** әңгімелеу, кейіпкерді сипаттау, театрландыру.<br>**Тапсырма:** Алдар көсенің тапқырлығы туралы балаларға лайық қысқа хикаяны оқып беру. Оның ақылды, тапқыр әрекеттерін талқылау.<br>**Ойын:** «Тапқыр жауап». Тәрбиеші қарапайым қызықты жағдаяттар ұсынады, балалар шешімін ойлап табады.<br>**Театр элементі:** Алдар көсе мен екінші кейіпкердің шағын диалогын рөлге | бағалау.<br>**Тапсырма:** Балалар жақсы адамға тән қасиеттерді атайды: мейірімді, адал, жауапты, еңбекқор, қамқор, сыпайы. Өз бойындағы жақсы қасиеттер туралы 12 сөйлем айтады.<br>**Ойын:** «Жақсылық таңдауы». Тәрбиеші екі түрлі әрекет ұсынады, балалар қайсысы дұрыс екенін таңдап, себебін түсіндіреді.<br>**Рефлексия:** «Менің қолымнан келеді...» сөйлемін аяқтау.<br>**Сұрақтар:** «Өзіңнің қандай жақсы қасиетің бар?», «Адам неге өзіне сенуі керек?», «Басқаларға пайда тигізудің қандай жолдары бар?»<br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау:** «Зима» П. Чайковский. Шығарманың бейнелік сипатын тыңдап, қандай сурет елестегенін | **Сурет салу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Достық қалашығы»<br>**Әдісі:** ұжымдық жұмыс, сюжеттік құрастыру.<br>**Сурет салу:** «Достар серуендеп жүр» сюжетін салу.<br>**Мүсіндеу:** Ермексаздан адам бейнесін қарапайым пішінде мүсіндеу.<br>**Жапсыру:** Адам, ағаш, орындық сұлбаларын қиып жапсыру.<br>**Құрастыру:** Конструктордан достық қалашығын бірлесіп құрастыру.<br>**Ойын:** «Бірге құрастыр». | **Тапсырма:** Балалар «уәде бердім орындадым», «затымды алдым орнына қойдым», «тапсырманы бастадым аяқтадым» сияқты мысалдар арқылы жауапкершілік ұғымын түсінеді.<br>**Ойын:** «Дұрыс шешім». Балаларға түрлі жағдаят ұсынылады: досының затын алды, тапсырманы аяқтамады, үйде көмек сұралды. Әр бала дұрыс шешім ұсынады.<br>**Өмірлік тапсырма:** «Бүгін мен қандай жауапты іс орындай аламын?» деп өзіне шағын міндет таңдау.<br>**Сұрақтар:** «Жауапты адам қандай?», «Бастаған істі неге аяқтау керек?», «Досыңа берген уәдені орындау маңызды ма?» | әңгімелеу, тізбекті сурет, сахналау.<br>**Тапсырма:** Ертегіні тыңдап, Мақта қыз бен мысықтың әрекеттерін талқылау. Кейіпкерлердің бір-бірімен қарым-қатынасына назар аударып, ренжіскенде татуласудың маңызын түсіндіру.<br>**Ойын:** «Кейіпкерді тап». Тәрбиеші кейіпкердің әрекетін сипаттайды, балалар оны табады.<br>**Театр:** Мысық, Мақта қыз, тауық, ағаш, сиыр кейіпкерлерін балаларға бөліп беріп, қысқа көрініс ұйымдастыру.<br>**Иллюстрациямен жұмыс:** Ертегі оқиғалары бейнеленген суреттерді ретімен орналастыру.<br>**Сұрақтар:** «Мысық неге ренжіді?», «Олар қалай татуласты?», «Сен олардың орнында болсаң не істер едің?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бөліп орындау.<br>**Кітаппен жұмыс:** Кейіпкердің кітаптағы бейнесіне қарап, киімін, бет әлпетін, көңіл күйін сипаттау. | әңгімелеуге мүмкіндік беру.<br>**Ән айту:** «Күз тамаша» әні: С. Шынымов, сөзі Л. Мұқышова. Әнді біркелкі екпінде, жеңіл дауыспен орындау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Вальс» П. Чайковский. Үш үлесті ырғақты сезініп, жұпсыз еркін тербелу, қолды әсем қозғау.<br>**Музыкалық ойын:** «Музыка сурет салады» — тыңдалған шығармадан кейін бала өзі елестеткен табиғат көрінісін сөзбен сипаттайды | | **Музыка жетекшісінің жоспарымен Музыка**<br>**Музыка тыңдау:** «Қосалқа» Дәулеткерей. Күйдің әуезді, сырлы сипатын тыңдау, динамикалық өзгерістерін сезіну және өз көзқарасын білдіру.<br>**Ән айту:** «Мен алманы жақсы көрем» әні және сөзі Д. Қиқымов. Әнді көңілді орындап, мәтін мазмұнын қимылмен толықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Қаз-қатар» А. Зацепин. Музыка басталғанда қатармен жүру, аяқталғанда белгіленген қалыпта тоқтау.<br>**Музыкалық ойын:** «Күй не туралы?» — балалар тыңдалған | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | күйге өз нұсқасын ұсынып, көңіл-күйін бір-екі сөзбен айтады | |
| **Серуенге дайындық** | Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру.<br>Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, баспалдақпен асықпай жүруге үйрету.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | Киіну кезінде жағымды көңіл күй қалыптастыру. Ауа райына сәйкес киінуге, бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге дағдыландыру.<br>**Салауатты өмір салты** | Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу.<br>**Қауіпсіздік мәдениеті** |
| **Серуен** | **Бақылау, зерттеу:** Жаңбырдан кейінгі алаңды бақылау. Жердің, тастардың және жолдың дымқыл болатынын байқау. Қауіпсіз әртүрлі пішінді және көлемді тастарды сырттай қарап, тегіс, бұдыр, үлкен, кіші екенін салыстыру. Құрғақ және суланған тастың түсіндегі айырмашылықты байқату. Шалшыққа аяқпен кірмеу және | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйектегі шөптің өзгерісін бақылау. Жасыл және сарғая бастаған шөптерді салыстыру. Шөптің биіктігін көзбен салыстырып, ұзын және қысқа сабақтарды анықтау. Салқын күндердің көбеюіне байланысты өсімдіктерде күзгі өзгерістер байқалатынын түсіндіру.<br>**Қимылды ойын:** «Қара жорға». Балалар тәрбиешінің | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйектегі күн мен бұлтты бақылау. Күн ашық кезде айналаның жарық болатынын, бұлт күнді жапқанда жарықтың азаятынын байқау. Ауа райының жылы немесе салқын екенін сезіну. Алаңдағы орындықтардың күн түскен және көлеңкеде тұрған бөліктерін сырттай салыстыру.<br>**Қимылды** | **Бақылау, зерттеу:** Ағаш қабығын және жаңбырдан кейінгі өзгерістерді бақылау. Құрғақ ағаш қабығы мен дымқыл қабықтың сыртқы түсін салыстыру. Қолмен сипап, тегіс, бұдыр, қатты екенін сипаттау. Бірнеше ағаштың қабығын сыртқы көрінісі бойынша салыстыру. Ағаштың қабығын жұлуға болмайтынын түсіндіру.<br>**Қимылды** | **Бақылау, зерттеу:** Күн ашық болған жағдайда өз көлеңкесін бақылау. Көлеңкенің пішіні мен ұзындығына назар аудару. Балалар қозғалғанда көлеңкенің де бірге қозғалатынын байқау. Бұлт күнді жапқан кезде көлеңкенің әлсізденуі немесе көрінбей қалуын бақылау. Күнге тік қарамау керектігін еске түсіру.<br>**Қимылды ойын:** «Көлеңкеңді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Бүгін жаңа қимыл немесе ойын үйренсең, кешке маған көрсетесің» деп қызығушылық танытыңыз. | «Неліктен осыны таңдадың?» деп сұрап, өз шешімін түсіндіруіне мүмкіндік беріңіз. | «Қай тапсырманы орындау қызықты болды? Қайсысына көбірек тырыстың?» деп сұраңыз. | Мектеп,балабақша туралы жағымды әңгімелесіп, «Мектепте нені үйренгің келеді?» деп баланың ойын тыңдаңыз. | **Т**аңдаған ойыны туралы сұрап, не үшін ұнағанын әңгімелетуге тырысыңыз |

**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** "Лад.КЗ" ЖШС. "Лиана" балабақшасы
**Топ: «Тұлпар»** мектеп алды тобы
**Балалардың жасы :** 5жас
**Жоспардың құрылу кезеңі :**28.09 -02.10 қазан айы 2026 – 2027 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 28.09.2026** | **Сейсенбі 29.09.2026** | **Сәрсенбі 30.09.2026** | **Бейсенбі 01.10.2026** | **Жұма 02.10.2026** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** Күй күмбірі»: Балалық шақ » күйін тыңдау балалардың күйді эмоционалды қабылдауын, ұлттық музыкаға қызығушылығын қалыптастыру | **«Сиқырлы есік»** топқа кірер алдында бала бір жақсы сөз немесе тілек айтып кіреді. Әдепті сөйлеуге және жағымды қарым-қатынасқа баулу. | **«Бес саусақ амандасуы»** әр саусаққа бір жақсы сөз сәйкестендіріп, тәрбиешімен көңілді амандасу. Сөздік қорын дамыту. | **«Мен бүгін...»** бала «Мен бүгін қуаныштымын», «Мен бүгін көңілдімін» деген сөйлемді жалғастырады. Өз сезімін сөзбен жеткізуге үйрету. | **«Күн шуағы»** әр бала күннің бір сәулесіне өз есімін немесе көңіл күй белгісін орналастырады. Әр баланың топ үшін маңызды екенін сезіндіру. | **«Досыңа күлкі сыйла»** балалар бір-біріне күлімсіреп амандасады. Достық пен мейірімділікке тәрбиелеу. |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | «Күзгі табиғатты бақылаймыз» Балабақшаға бара жатқан жолда күзгі табиғаттағы бір өзгеріске назар аудартыңыз: салқын ауа, сарғайған жапырақтар, бұлт немесе жаңбыр. | «Кітаппен дос боламыз» Балаға кітапты ұқыпты ұстаудың маңызын еске салыңыз. | «Қауіпсіздік ережесін сақтаймын» Жолда қауіпсіз жүру, ересектің жанынан алыстамау және жолды белгіленген жерден өту ережелерін еске түсіріңіз. | «Сезімімді айта аламын» «Бүгінгі көңіл күйің қандай?» деп сұрап, баланың сезімін сөзбен айтуына мүмкіндік беріңіз. | «Бір айдағы жетістігім» Сен осы айда көп нәрсе үйрендің. Бүгін де жақсы күн болады» деп сенім білдіріңіз. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)**<br>**«Өнегелі 15 минут»** | **«Барлығымыз біргеміз»**<br>Балалар топтық ойын ойнайды. Тәрбиеші біреуді әдейі шеттетпеу, бәрін ойынға қосу керектігін түсіндіреді.<br>**Буллингтің алдын алу** | **«Кәсіпті тап»**<br>Тәрбиеші еңбек құралдарын көрсетеді: балға, қасық, кітап, дәрігер сөмкесі. Балалар оның қай мамандыққа тиесілі екенін тауып айтады.<br>**Еңбек және кәсіпке баулу** | **«Жол белгілерін таны»**<br>Балалар жаяу жүргінші жолағы, бағдаршам, тоқтау белгісі сияқты қарапайым жол белгілерін ажыратады және белгіге сәйкес әрекет етеді.<br>**Заң мен тәртіп** | **«Қалай биік мұнара жасаймыз?»**<br>Балалар әртүрлі көлемдегі текшелерден мұнара құрастырады. Қай орналастырудың тұрақты екенін тәжірибе арқылы анықтайды.<br>**STEM** | **«Мен болашақта кім боламын?»**<br>Балалар өзіне ұнайтын мамандықты таңдап, оның не істейтінін қарапайым сөйлеммен айтып береді. Тәрбиеші әр мамандықтың қоғамға пайдалы екенін түсіндіреді.<br>**Еңбек және кәсіпке баулу / Тіл дамыту** |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Күзгі жапырақтар»<br>**«Жапырақтар жоғарыда»** қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұрып созылу.<br>**«Жапырақтар тербеледі»** қолды екі жаққа созып, денені оңға-солға тербету.<br>**«Жапырақ жерге түсті»** қолды төмен түсіре отырып, баяу отыру.<br>**«Жапырақтар ұшады»** қолды екі жаққа жайып, орнында айналып жеңіл жүру.<br>**«Самал жел»** мұрынмен дем алып, ауызбен ұзақ дем | «Бақшада»<br>**«Алма тереміз»** кезекпен оң және сол қолды жоғары созу.<br>**«Себетке саламыз»** алға еңкейіп, қайта түзелу.<br>**«Сәбіз жинаймыз»** отыры п-тұру.<br>**«Бақшамен жүреміз»** тізені жоғары көтеріп жүру.<br>**«Гүлдің иісін сеземіз»** мұрынмен терең дем алып, ауызбен дем | «Көңілді доптар»<br>**«Үлкен доп»** қолды алдыға созып, екі жаққа ашу.<br>**«Доп жоғары ұшты»** қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұру.<br>**«Доп төмен түсті»** тізені бүгіп, жартылай отыру.<br>**«Доп секіреді»** екі аяқпен орнында ырғақты секіру.<br>Жай жүріп, қолды жоғары-төмен қозғау арқылы тынысты қалпына келтіру.<br>**Салауатты өмір** | «Күзгі орманға саяхат»<br>**«Биік ағаштар»** қолды жоғары көтеріп, денені созу.<br>**«Бұтақтар қозғалады»** қолды екі жаққа созып, оңға-солға бұрылу.<br>**«Саңырауқұлақ жинаймыз»** еңкейіп , қолды төмен созу және қайта түзелу.<br>**«Кедергіден өтеміз»** тізені жоғары көтеріп, орнында жүру.<br>**«Орман тынысы»** терең дем | «Біз шымыр баламыз»<br>**«Бойымызды созамыз»** қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшына тұру.<br>**«Күштіміз»** қолды иыққа қойып, шынтақты екі жаққа ашып-жұму.<br>**«Ептіміз»** қолды белге қойып, оңға-солға кезекпен еңкею.<br>**«Шапшаңбыз»** орны нда 2030 секунд жеңіл жүгіру, кейін екі аяқпен бірнеше рет секіру.<br>**«Деніміз сау»** қолды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығару. **Салауатты өмір салты** | шығару. **Салауатты өмір салты** | **салты** | алып, қолды жай түсіре отырып дем шығару. **Салауатты өмір салты** | екі жақтан жоғары көтеріп дем алу, қолды төмен түсіріп дем шығару **Салауатты өмір салты**. |
| **Таңғы ас** | Қолды сабындап жууға, жеңін түре білуге үйрету **Салауатты өмір салты** | Өз орнын тауып отыру, қасықты дұрыс ұстау **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Тамақты ұқыпты жеу, ауызды жауып шайнауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Майлықты дұрыс пайдалану, тамақтан кейін алғыс айту. **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** | Суды босқа ағызбауға үйрету Тамақтану әдебін сақтауға үйрету **қауіпсіздік мәдениеті, Салауатты өмір салты** |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі ҰІӘ)** | Балаларды көтеріңкі көңіл күймен ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындау. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік** | Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалану. Орталық тардағы заттарды орнына жинауға, бір-біріне көмектесуге, ортақ ережені сақтауға үйрету. **еңбекке баулу, буллингтің алдын алу, жауапкершілік.** | Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау. Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау, бірлесіп жұмыс істеуге, бір-бірінің жасаған жұмысын құрметтеуге баулу **буллингтің алдын алу, «Адал азамат» «Заң мен тәртіп».** | Қалдық материалдармен қарапайым әрекет жасау. Құрылыс, сурет салу бұрыштарына бағыттау, құралдарды өзара бөлісіп, кезекпен пайдалануға дағдыландыру. **экологиялық мәдениет, буллингтің алдын алу.** | Орталықтардағы заттарды орнына жинау Қызығушылық орталықтарына қызықтыру, ойыншықтарды қауіпсіз пайдалануға, бір-бірін ренжітпей, тату ойнауға баулу **қауіпсіздік мәдениеті, буллингтің алдын алу** |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Математика негіздері Тақырыбы:** «Егінді | **Сауат ашу негіздері** | **Қазақ тілі Сөздік жұмыс:** ай | **Математика негіздері** | **Көркем әдебиет Тақырыбы:** «Еңбек |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сұрыптаймыз»<br>**Әдісі:** командалық жұмыс, сұрыптау, эстафета, практикалық әрекет.<br>**Тапсырма:** Өнімдерді көкөністер, жемістер және дәнді дақылдар жиынына бөлу. Әр топ өз жиынын санап, басқа топтармен салыстырады.<br>**Ойын:** «Фермерлер эстафетасы». Балалар кезекпен бір өнім алып, оны тиісті себетке апарып салады.<br>**Командалық тапсырма:** Әр команда өз жиынын дұрыс құрып, неге солай топтастырғанын түсіндіреді.<br>**Сұрақтар:** «Картоп қай жиынға жатады?», «Бидайды қай топқа саламыз?», «Қай командада өнім көп?»<br>**Сауат ашу**<br>**Тақырыбы:** «Еңбек туралы сөздер»<br>**Әдісі:** сурет бойынша әңгімелеу, сөздік жұмыс, қимылмен | **Тақырыбы:** «Егін алқабындағы жолдар»<br>**Әдісі:** графикалық диктант элементтері, бағыттау, практикалық жұмыс.<br>**Тапсырма:** Фермер ді егін алқабына апаратын түзу, қисық, ирек жолдарды бастырып жүргізу. Қысқа штрихтар арқылы егін алқабын бейнелеу.<br>**Ойын:** «Фермерге жол көрсет». Бала қарындашпен жолды шетке шықпай жүргізіп өтеді.<br>**Практикалық жұмыс:** Жазу кезінде денені дұрыс ұстау, парақты дұрыс орналастыру және қарындашты үш саусақпен ұстау.<br>**Сұрақтар:** «Жол қай бағытта кетіп | бойы меңгерілген сөздерді белсенді қолдану<br>**Дыбыстық жаттығу:** Ә, Ө, Қ, Ү, Ұ, І, Ғ, Ң, Һ дыбыстарын сөздерде дұрыс айту және естіп ажырату.<br>**Сөйлеу және әңгімелесу:** Шағын топта берілген тақырып бойынша 34 сөйлемдік әңгіме жүргізу; сұрақ қою, жауап беру, әңгімелесушіні тыңдау.<br>**Дидактикалық ойын:** «Үш орын» — сөздегі дыбыстың орнына қарай «басы», «ортасы», «соңы» белгілерінің бірін таңдау<br><br>**Математика негіздері**<br><br>**Тақырыбы:** «Үлкен, кіші, орташа»<br>**Әдісі:** өлшеу, салыстыру, | **Тақырыбы:** «Күзгі жәрмеңке»<br>**Әдісі:** сюжеттік-рөлдік ойын, жобалық жұмыс, қорытындылау, салыстыру.<br>**Тапсырма:** Күзгі өнімдерді бірнеше жиынға бөліп, санау, салыстыру және қайта біріктіру. Өнімдерді түрі, түсі және көлеміне қарай сөрелерге орналастыру.<br>**Ойын:** «Күзгі жәрмеңке». Балалар сатушы, сатып алушы, бақылаушы рөлдерін орындайды. Сатып алушы «бір себет алма», «үш сәбіз», «бір топ көкөніс» сияқты тапсырмалар береді.<br>**Жобалық тапсырма:** «Дүкен сөресін дұрыс құрастыр». Балалар өнімдерді белгілі бір белгі бойынша | бәрін жеңбек»<br>**Автор:** Ыбырай Алтынсарин шығармаларындағы еңбек идеясы негізінде, «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесін қорытындылау.<br>**Жанры:** шығармашылық әңгімелеу, сахналық қорытынды әрекет.<br>**Әдісі:** театрландыру, шығармашылық әңгіме, «оқиғаны жалғастыр» әдісі.<br>**Тапсырма:** Балаларға күзгі егін жинау бейнеленген бірнеше иллюстрация көрсету. Суреттерді ретімен қойып, тәрбиешінің көмегімен «Күзде адамдар егін жинауға шықты...» деп басталатын әңгімені жалғастыру.<br>**Ойын:** «Ертегіні аяқта». Тәрбиеші оқиғаның басын айтады, балалар кезекпен бір сөйлемнен қосып, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | көрсету.<br>**Тапсырма:** «Жинау», «тасу», «себу», «суару», «қазу» сөздерін суреттер арқылы түсіндіру. Әр сөзді қимылмен көрсету.<br>**Ойын:** «Сөзді қимылмен көрсет». Бір бала қимыл жасайды, қалғандары сәйкес сөзді табады.<br>**Графикалық тапсырма:** Еңбек құралдарын тиісті өнімдермен сызық арқылы қосу.<br>**Сұрақтар:** «Фермер не істейді?», «Қазу деген қандай әрекет?», «Бұл сөз нені білдіреді?»<br><br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** «Еңбек етсең нәтижесін көресің»<br>**Әдісі:** еңбек әрекетін бақылау, себеп-салдар, тәжірибелік тапсырма.<br>**Тапсырма:** Балалар егіннің өсу жолын ретімен қарастырады: | барады?», «Қай сызық түзу?», «Қайсысы ирек?»<br><br>**Қазақ тілі**<br>**Сөздік жұмыс:** менің ойымша, маған ұнайды, себебі, келісемін, келіспеймін<br>**Дыбыстық жаттығу:** Қазақ тіліне тән дыбыстары бар сөздерді сөйлем ішінде анық айтуға жаттықтыру.<br>**Сөйлеу және әңгімелесу:** «Маған ... ұнайды, себебі...» үлгісімен өз көзқарасын білдіру. Құрдасының пікіріне «Мен келісемін/келіспеймін, өйткені...» деп жауап беру.<br>**Дидактикалық ойын:** «Сөзден дыбыс ізде» — таңдалған сөзден берілген дыбысты тауып, орнын анықтау | практикалық жұмыс, ретімен орналастыру.<br>**Тапсырма:** Күзгі өнімдерді көлеміне қарай үлкен, орташа, кіші болып үш жиынға бөлу. Оларды кішіден үлкенге немесе үлкеннен кішіге қарай ретімен орналастыру.<br>**Ойын:** «Өлшеміне қарай тап». Тәрбиеші «үлкен», «орташа», «кіші» деген белгі береді, балалар сәйкес өнімді көрсетеді.<br>**Практикалық тапсырма:** Жіп, текше немесе шартты өлшем арқылы бірнеше өнімді салыстырып, қайсысы үлкен не кіші екенін анықтау.<br>**Сұрақтар:** «Ең үлкен өнім қайсы?», «Ең кішісі қайсы?», «Екі өнімнің өлшемі тең болуы мүмкін бе?» | реттеп, өз шешімін түсіндіреді.<br>**Сұрақтар:** «Нелікте н бұл өнімдерді бір сөреге қойдың?», «Қай жиында өнім көп?», «Бір себет деген бір ғана зат па, әлде заттар тобы ма?»<br><br>**Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** «Күзгі шеберхана»<br>**Әдісі:** шығармашылық әдіс, қорытындылау, бастырып сызу, бояу.<br>**Тапсырма:** Дайын көкөніс, жеміс-жидек және геометриялық фигуралардың сыртқы сызығын бастырып, шетке шығармай бояу. Кей бөліктерін әртүрлі бағытта штрихтау.<br>**Ойын:** «Күзгі себетті толтыр». Балалар дайын суреттердің ішінен | соңын өздері ойлап табады.<br>**Театр:** «Күзгі еңбек» шағын көрінісі. Балалар фермер, бағбан, көмекші рөлдерін орындайды.<br>**Кітаппен жұмыс:** Осы бес аптада танысқан кітаптарды қарап, мұқабасы мен иллюстрациясы бойынша шығарманы табу.<br>**Сұрақтар:** «Бұл қай шығарманың суреті?», «Саған қай кейіпкер ұнады?», «Қай ертегіні қайта тыңдағың келеді? Неліктен?»<br><br>**Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Күзгі еңбек туралы әңгіме»<br>**Әдісі:** шығармашылық әңгімелеу, оқиға құрастыру, рөлдік ойын.<br>**Тапсырма:** «Күз келді. Адамдар егін жинауға шықты...» деген бастаманы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жер дайындау, тұқым себу, суару, күту, өнім жинау. Жақсы нәтиже алу үшін еңбектің тұрақты болуы керектігін түсінеді.<br>**Ойын:** «Еңбек тізбегі». Балалар еңбек кезеңдерінің суреттерін дұрыс ретпен орналастырады.<br>**Практикалық тапсырма:** Өсімдікке күтім жасауға қатысты бір шағын міндетті орындау: су құю, топырағын қопсыту немесе жапырағын сүрту.<br>**Сұрақтар:** «Өнім өздігінен пайда бола ма?», «Еңбекқор адам қандай?», «Неліктен істі соңына дейін жеткізу керек?»<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды жоғары-жанға созу, денені бұру, аяқ ұшына көтерілу, табанды ішке-сыртқа қою, тізені бүгу.<br>**Негізгі қимылдар:** | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау:** «Келіншек» халық күйі және «Көгершін» Н. Тілендиев. Екі шығарманың сипатын салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын балалардың сөзімен анықтау.<br>**Ән айту:** «Домбыра-қобыз» Қ. Даулетиярова. Ұлттық аспаптар туралы әнді мазмұнына сай орындау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Сылдырмақты серуен» Ж. Тезекбаев. Ырғаққа сәйкес сылдырмақпен қадам жасап, музыка аяқталғанда дыбысты тоқтату.<br>**Музыкалық ойын:** «Қай музыка ұнады?» — екі | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Өрме кші, құмырсқа, қарлығаш»<br>**Автор:** Ыбырай Алтынсарин.<br>**Жанры:** әңгіме. Шығармада тіршілік иелерінің тынымсыз әрекеті арқылы еңбек ету идеясы беріледі.<br>**Әдісі:** әңгімелеп беру, бақылау, салыстыру, драмаландыру.<br>**Тапсырма:** Шығар маны тыңдап, өрмекші, құмырсқа, қарлығаштың не істеп жүргенін анықтау. Әр кейіпкердің еңбегін сипаттау.<br>**Ойын:** «Кім қалай еңбек етеді?» Балалар кейіпкерлердің әрекетін қимылмен көрсетеді, қалғандары қай кейіпкер екенін табады.<br>**Театр** | қажетті өнімдерді таңдап, бояп, себетке орналастырады.<br>**Шығармашылық жұмыс:** Геометриялық фигуралардан жеміс немесе көкөніс бейнесін құрастырып, оны бояу.<br>**Сұрақтар:** «Қай сызықты бастырып шықтың?», «Қай жерде штрих қолдандың?», «Суретті қалай ұқыпты бояуға болады?»<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру**<br>**Тақырыбы:** «Менің болашақ мамандығым»<br>**Әдісі:** кәсіби бағдар элементтері, рөлдік ойын, шығармашылық жобалау.<br>**Тапсырма:** Балалар өздеріне таныс мамандықтарды атайды және олардың қоғамға | пайдаланып, әңгіменің жалғасы мен соңын ойдан құрастыру. Сөйлемде сын есім, зат есім, сан есімді үйлестіріп қолдану.<br>**Ойын:** «Әңгімені жалғастыр». Әр бала алдыңғы баланың бір сөйлемін жалғастырып, ортақ әңгіме құрайды.<br>**Сөздік жұмыс:** еңбекқор, тиянақты, мол өнім, алтын күз, берекелі еңбек.<br>**Диалог:** Балалар «фермер» мен «көмекші» рөлінде өздігінен әңгіме бастайды.<br>**Шығармашылық тапсырма:** Оқиғаға басқа аяқталу нұсқасын ұсыну: «Егер жаңбыр жауып кетсе не болар еді?»<br>**Сұрақтар:** «Оқиға неден басталды?», «Одан кейін не болды?», «Соңында не болды?» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сапта бір-бірден жүру → екіден жүру → аяқ ұшымен жүру → ішкі және сыртқы қырмен қысқа жүру → белгіде тоқтап, бағыт өзгерту.<br>**Ырғақтық жаттығу:** Әр қозғалыс түріне жеке қысқа әуен белгісін қолдану.<br>**Қимылды ойын:** «Қимылды есіңде сақта» — педагог көрсеткен 34 қозғалыс тізбегін қайталау | тыңдалымнан кейін өз таңдауын айтып, себебін қысқаша түсіндіру<br><br>**Тіл дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Еңбек қор адамдар»<br>**Әдісі:** мазмұнды суретпен жұмыс, әңгімелесу, қимылды сөздік ойын.<br>**Тапсырма:** Адамда рдың еңбегін білдіретін сөздерді қолдану: жинайды, тасиды, қазады, суарады, еңбек етеді. Еңбекке қатынасын білдіретін сөздерді енгізу: ұқыпты, мұқият, тез, тиянақты.<br>**Ойын:** «Кім не істейді?» Тәрбиеші мамандықты немесе адамды атайды, балалар оның әрекетін толық сөйлеммен айтады.<br>**Дыбыстық жаттығу:** Б-п, з-с, | **элементі:** Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш рөлдерін бөліп, қысқа қимылды көрініс көрсету.<br>**Иллюстрациямен жұмыс:** Үш кейіпкердің суретін қарап, олардың әрекетін салыстыру.<br>**Сұрақтар:** «Құмыр сқа не істеді?», «Қарлығаш не үшін еңбек етеді?», «Еңбекқор болу деген не?»<br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Допты жоғары көтеру, бастан асыру, кеудеге түсіру, оңға-солға бұрылу, отырып-тұру.<br>**Негізгі қимылдар:** Допты екі қолмен бастан асыра 22,5 м қашықтыққа лақтыру және қағып алу; 5 рет үздіксіз алмастыруға талпыну; жұптар | қандай пайда әкелетінін түсіндіреді. Болашақта таңдаған мамандығына білім, денсаулық, еңбекқорлық және жауапкершілік қажет екенін түсіну.<br>**Ойын:** «Мамандық ты тап». Бір бала мамандыққа тән әрекетті қимылмен көрсетеді, қалғандары табады.<br>**Шығармашылық тапсырма:** «Мен өскенде...» тақырыбында 34 сөйлем айту: кім болғысы келеді, не үшін, адамдарға қалай көмектеседі.<br>**Рефлексия:** «Болаш ақта табысты болу үшін бүгін мен...» сөйлемін жалғастыру.<br><br>**Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:** Қолды көтеру, жанға созу, денені | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау:** «Отаным менің кең-байтақ» Н. Тілендиев, сөзі Қ. Шаңғытбаев. Шығарманы соңына дейін тыңдап, эмоционалды мазмұны мен сипаты туралы әңгімелеу.<br>**Ән айту:** «Күз жомарт» әні: Д. Ботбаев, сөзі Е. Өтетілеуов. Таныс әнді сенімді, мәнерлі орындау.<br>**Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:** «Айгөлек» Н. Баймұхамедов. Музыканың басталуымен қимылды бастап, өзгерісіне сай әрекетті ауыстырып, аяқталуымен тоқтау.<br>**Музыкалық ойын:** «Музыкалық викторина» — таныс шығармалардан қысқа үзінділер тыңдап, атауын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | н-ң дыбыстары бар сөздерді анық қайталау.<br>**Диалог:** «Фермер не істейді?», «Адамдар не үшін еңбек етеді?» | орнын ауыстыру.<br>**Ырғақтық жаттығу:** «Лақтыр ұста бір қадам артқа» тізбегі.<br>**Қимылды ойын:** «Бес дәл пас» — жұппен бес рет допты түсірмей беру. | бұру, аяқ ұшына көтерілу, тізені көтеру, жеңіл серпілу. 5 реттен.<br>**Негізгі қимылдар:** 1) бір-бірден, екеуден, үшеуден сапта жүру; 2) аяқ ұшы, ішкі және сыртқы қырмен жүру; 3) белгіде тоқтап, бағыт өзгерту; 4) заттардан аттап, шектелген жолмен жүру; 5) шашырап, жұппен және қатармен жүгіру; 6) допты бастан асыра лақтыру және қағып алу.<br>**Ырғақтық жаттығу:** «Жүр тоқта бұрыл жүгір допты бер» қимыл тізбегі. | немесе жанрын анықтау.<br><br>**Сурет салу**<br>**Мүсіндеу**<br>**Жапсыру**<br>**Құрастыру**<br>**Тақырыбы:** «Күзгі егін алқабы»<br>**Әдісі:** жобалық жұмыс, табиғи және қалдық материалдармен құрастыру.<br>**Сурет салу:** Егін алқабы мен еңбек етіп жүрген адамдарды салу.<br>**Мүсіндеу:** Ермексаздан көкөністер мүсіндеу.<br>**Жапсыру:** Қағаздан себет, қорап, егін жолақтарын қиып жапсыру.<br>**Құрастыру:** Қорапша, жапырақ, бұтақтардан «Егін жинау алаңын» құрастыру. |
| **Серуенге дайындық** | Бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге жаттықтыру. | Кииіну кезінде жағымды көңіл күй қалыптастыру. Ауа | Серуенде топтан бөлінбеуге үйрету.<br>**Қауіпсіздік** | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу. | Ойын алаңында қауіпсіз ойнауға баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Серуенге шығу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға, баспалдақпен асықпай жүруге үйрету. **Қауіпсіздік мәдениеті** | райына сәйкес киінуге, бас киім мен аяқ киімді дұрыс киюге дағдыландыру. **Салауатты өмір салты** | **мәдениеті** | **Қауіпсіздік мәдениеті** | **Қауіпсіздік мәдениеті** |
| **Серуен** | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйектің салқындай бастаған күніндегі ағаш діңін бақылау. Ағаш діңіндегі қынаны немесе мүкті сырттай қарау. Түсін, пішінін және қай бөлікте орналасқанын сипаттау. Жаңбырлы немесе дымқыл ауа райынан кейін олардың түсі айқынырақ көрінуі мүмкін екенін байқау. Қына мен мүкті жұлуға болмайтынын түсіндіру. **Қимылды ойын:** «Қуып жет». Бір бала жүргізуші болады, қалғандары белгіленген аумақта қозғалады. Жүргізуші бір балаға қолымен жеңіл тигізгеннен кейін рөл | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйектің соңындағы ауа райын бақылау. Таңертеңгі ауа райының бұрынғыдан салқындау болуы мүмкін екенін байқау. Күзде күннің біртіндеп қысқара бастайтынын қарапайым түрде түсіндіру. Кешке күннің ертерек бататынын айту. «Қазір қай мезгіл?», «Күн жылы ма, салқын ба?», «Ағаштарда қандай өзгеріс бар?» деген сұрақтар арқылы ай бойы жүргізілген бақылауларды еске түсіру. | **Бақылау, зерттеу:** Ағаштардағы жапырақтардың азаюын бақылау. Бұтақтардың біртіндеп көріне бастағанын, жерде түскен жапырақтардың көбейгенін байқау. Жасыл, сары және қоңыр жапырақтарды салыстыру. Желді күні жапырақтардың ағаштан үзіліп, ауада айналып жерге түсетінін бақылау. Ағаштардың күзгі өзгерістерін балаларға түсінікті тілмен әңгімелеу. **Қимылды ойын:** «Қарлығашта | **Бақылау, зерттеу:** Қыркүйек соңындағы аспанды бақылау. Аспанның түсін, бұлттардың көлемін, пішінін және қозғалысын сипаттау. Аспанның ашық, ала бұлтты немесе бұлтты екенін ажыратуға талпыну. Желдің бұлттарды қозғалтатынын еске түсіру. Күннің аспандағы орнын қауіпсіз бақылап, күнге тік қарамау керектігін бекіту. Ай басындағы және қазіргі ауа райының айырмашылығы туралы қарапайым әңгімелесу. **Қимылды ойын:** «Құстар | **Бақылау, зерттеу:** «Күзгі жапырақтар». Қыркүйек бойында жапырақтарда болған өзгерістерді қорытындылап бақылау. Жапырақтардың түсін, пішінін, көлемін және жиектерін салыстыру. Жасыл, сары, сарғыш, қоңыр жапырақтарды тауып, бір ағаштың бірнеше жапырағының ұқсастығын анықтау. Жел соққанда жапырақтардың қозғалуын және жерге түсуін бақылау. «Қыркүйектің басында жапырақтар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ауысады. Ойын кезінде итеруге және киімнен ұстауға болмайды. **Балалардың дербес әрекеті:** Ірі конструктормен көпқабатты үй, көпір, мұнара немесе көлік жолын құрастыру. Бірнеше баланың құрылысын біріктіріп, ортақ ойын ұйымдастыру. **Еңбекке баулу:** Алаңдағы ойын құралдарын жинау. Қауіпсіз қағаз қалдықтары мен түскен жапырақтарды арнайы жәшікке немесе белгіленген орынға салу. | **Қимылды ойын:** «Құстар қайда қонды?». Балалар құс болып алаңда қозғалады. Белгі бойынша алдын ала белгіленген «ағаштарға», «ұяларға» немесе құрсауларға барып тұрады. Белгіні мұқият тыңдап, жылдам бағдарлауға жаттығады. **Балалардың дербес әрекеті:** Құмнан қамал, көпір, көлік жолы, аула жасау. Құрылыстарын бір-бірімен жалғап, ортақ сюжет құру. Дымқыл және құрғақ құмның қасиеттері туралы бұрынғы бақылауларын ойында пайдалану. **Еңбекке баулу:** Жерге түскен жапырақтарды шағын топпен | р ұшты». Балалар құстар болып қолдарын қанат сияқты жайып қозғалады. Тәрбиешінің «ұшты», «қонды», «ұяға» белгілеріне сәйкес қимылдарын өзгертеді. **Балалардың дербес әрекеті:** Ірі текшелерден үй, қоршау, көпір немесе жол жасау. Бір-бірінің құрылысына бөлшектер қосып, ортақ құрылыс ұйымдастыру. **Еңбекке баулу:** Құмсалғыштағы күрекше, шелек және қалыптарды жинау, құмнан тазалап, арнайы қорапқа орналастыру. Құмсалғыш айналасындағы түскен жапырақтарды жинау. | ұшты». «Ұшты!» дегенде балалар қолдарын жайып жеңіл жүгіреді, «қонды!» дегенде тоқтап, төмен отырады. «Ұяға!» деген белгі бойынша белгіленген орындарына жиналады. Бір-бірімен соқтығыспауға назар аударылады. **Балалардың дербес әрекеті:** Жеңіл доптарды жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттығу. Допты жұппен бір-біріне лақтырып, неше рет түсірмей қағып алғанын санау. **Еңбекке баулу:** Алаңдағы түскен жапырақтар мен қауіпсіз қоқыс қалдықтарын ересектің бақылауымен арнайы құрал | қандай еді?», «Қазір қандай түстер көбейді?», «Неліктен жерде жапырақ көп?» деген қарапайым сұрақтар арқылы күз туралы түсініктерін бекіту. **Қимылды ойын:** «Қояндар мен қасқыр». Балалар қоян болып белгіленген алаңда қос аяқпен секіріп қозғалады. «Қасқыр келді!» деген белгіде қауіпсіз «үйшіктеріне» қарай жүгіреді. Қасқыр рөліндегі бала ешкімді итермей, қолмен жеңіл тигізу арқылы ғана ұстайды. **Балалардың дербес әрекеті:** Құмшелек, күрекше және қалыптармен әртүрлі құрылыстар жасау. Құмнан пішіндер, жолдар, қоршаулар құрастырып, бір-біріне көрсету. Табиғи материалдардан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жинап, бір жерге үйіп қою. Балаларға арналған тырма, күрекше мен шелекті ретімен және қауіпсіз пайдалану. | | арқылы жинау. Шыны, өткір немесе белгісіз заттарды ұстамау ережесін бекіту. | жапырақтар мен қауіпсіз бұтақшаларды пайдаланып, ойын мазмұнын толықтыру. **Еңбекке баулу:** Түскен күзгі жапырақтарды балаларға арналған тырма, күрекше және шелектермен жинау. Жапырақтарды белгіленген орынға тасу. Жұмыс аяқталған соң еңбек құралдарын тазалап, өз орындарына жинау. |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен қайтарда тәрбиеші көмегімен қатарға тұруға үйрету | Тәрбиеші артынан асықпай жүруге үйрету | Өз шкафын белгісі бойынша табуға үйрету | Тәрбиеші көмегімен сыртқы аяқ киімін шешу | Топта киетін аяқ киімін киюге талпындыру. |
| **Түскі ас** | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тағамның иісі,дәмі жайлы әңгімелесу | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Қасықты дұрыс ұстауға және тамақты төкпей ішуге үйрету. | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Майлықты қолдану, нан қиқымын шашпауға баулу. | Мәдени-гигиеналық дағдылар. Тамақ алдында қол жуудың маңызын түсіндіру. | Қолды сабындап жуудың денсаулыққа пайдасын түсіндіру |
| **Күндізгі ұйқы** | Киімін шешуге көмектесу, орындыққа | Өз төсегін тауып жатуға үйрету. | Балалалардың тыныш ұйықтауына | Балалар ұйықтайтын | Ұйықтар алдында балаларға кітап оқу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ілу.<br>Бесік жырын тыңдату. | Баяу әуен тыңдату. | жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | бөлмені алдын-ала желдету<br>Бесік жырын айту | Тыныш ұйықтау дағдысын қалыптастыру |
| **Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу »<br>**Салауатты өмір салты** | Тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау<br>**Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту,қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар жасау<br>**Салауатты өмір салты** | Жағымды музыкамен біртіндеп ояту;Көз жаттығуларын жасау<br>**Салауатты өмір салты** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу»<br>**Салауатты өмір салты** |
| **Бесін ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету | Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Адалдық әліппесі**<br>**«**Достық көмек»<br>мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына | **Ерте кәсіптік бағдар беру** «Менің арманым»<br>Мақсаты: Балалардың өз болашақ мамандығын армандап айтуына жағдай жасау, сөйлеу мәдениетін дамыту.<br>Құрал-жабдықтар: Қағаз, түрлі түсті | **Құқықтық сауаттылық**<br>**«**Мен және менің құқығым»<br>Мақсаты: Балалардың өз құқықтарын тануға және оны дұрыс қолдануға баулу.<br>Құрал-жабдықтар: Балалардың құқығын көрсететін суреттер | **Ұлттық ойын ұлт қазынасы**<br>**«**Теңге алу» (жеңілдетілген нұсқа)<br>Мақсаты: Балалардың ұлттық ойындарға қызықтыру, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Құрал-жабдықтар: | **Қаржылық сауаттылық**<br>**«**Отбасылық бюджет»<br>Мақсаты: Балаларды ақшаны дұрыс жұмсауға, үнемшілдікке тәрбиелеу.<br>Құрал-жабдықтар: Ойыншық ақша, суреттер (азық-түлік, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «қауырсынды» тигізеді Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды. | қарындаштар, мамандық суреттері. Ойын барысы: Балаларға әртүрлі мамандық суреттері көрсетіледі (дәрігер, мұғалім, полицей, жүргізуші т.б.). «Өскенде кім болғың келеді?» деген сұрақ қойылады. Балалар қалаған мамандығын қағазға суреттеп салады. Әр бала суретін көрсетіп, «Мен дәрігер болғым келеді, өйткені адамдарға көмектесемін» деп түсіндіреді. | (ойнау, оқу, демалу, тамақтану). Ойын барысы: Тәрбиеші суреттерді көрсетіп: «Бұл қандай құқық?» деп сұрайды. Балалар: «Бұл ойнауға құқым бар», «Бұл оқуға құқым бар» деп жауап береді. Кейін әр бала өзіне маңызды бір құқығын атап айтады. | Арнайы белгіленген орынға қойылған «теңге» (қағаз немесе пластмасса дөңгелектер). Ойын барысы: Тәрбиеші ортаға «теңгені» қояды. Балалар кезекпен белгіленген жерден жүгіріп келіп, еңкейіп «теңгені» алады. Жеңімпаздар анықталады | киім, ойыншық, кітап). Ойын барысы: Балаларға «отбасыға қажетті заттарды сатып алу» тапсырмасы беріледі. Әр балаға белгілі мөлшерде ойыншық ақша беріледі. Балалар өз ақшасына қажетті заттарды таңдап алады. Кейін бірге талқылайды: «Сен не сатып алдың? Неге осыны таңдадың?» |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сардар, Жамиля, Бекзатқа ою-өрнектерінің түрлерін таныстыру | Амир, Ерзат, Жаналиға құстарды ажыратуға, пайдасы туралы айтуға, қамқорлық жасауға баулу | Ерзат,Бекзат Айзадаға салыстыру тәсілдерін қолдануға үйрету | Жанали,Ерзат,Амирге әңгімелесушіні мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюды және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруді үйрету | Мансур,Омар Амирге заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыра алуына көмектесу |
| **Серуенге дайындық** | Серуен алдында және барысында қауіпсіздік | Топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс | Өздігінен реттілікпен киіну | Киіміндегі ұқыпсыздықты | Қатармен жұптасып жүруді, қатарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ережелерін сақтау: | пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету | және шешінуді үйрету киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру | байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. | бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. |
| **Серуен** | «Күзгі жапырақтарды жина» **Мақсаты:** Жылдамдық ты, зейінді және түстерді ажырату дағдысын дамыту. **Шарты:** Алаңға сары, қызыл, қоңыр түсті қағаз жапырақтар шашылады. Тәрбиеші бір түсті атайды, балалар сол түстегі жапырақтарды тауып, белгіленген себетке жинайды. Кейін басқа түске ауысады. | «Құстар жылы жаққа ұшады» **Мақсаты:** Жүру мен жүгіруді үйлестіру, кеңістікте бағдарлау және топпен қозғалу дағдысын дамыту. **Шарты:** Балалар құстар болып қолдарын екі жаққа жайып алаңда қозғалады. Тәрбиеші көрсеткен бағыт бойынша «жылы жаққа» ұшады, жолдағы кедергілерді айналып өтеді. «Қон!» деген белгіде белгіленген орынға тоқтайды. | . «Жел мен жапырақтар» **Мақсаты:** Белгі бойынша қимылды өзгерту, қозғалыс ырғағын және зейінді дамыту. **Шарты:** Балалар күзгі жапырақтар болып алаңда еркін қозғалады. «Жел баяу соқты» дегенде жай жүреді, «жел күшейді» дегенде жеңіл жүгіреді, «жел тоқтады» дегенде қимылсыз қалады. | «Жаңбырдан қаш» **Мақсаты:** Жылдам әрекет ету, кеңістікте бағдарлау және белгі бойынша қозғалу дағдысын жетілдіру. **Шарты:** Балалар алаңда еркін жүреді немесе ойнайды. «Жаңбыр басталды!» дегенде белгіленген «үйшіктерге» немесе құрсауларға қарай жүгіреді. «Күн шықты!» дегенде қайта алаңға шығып қозғалысын жалғастырады. | «Күзгі эстафета» **Мақсаты:** Жүгіру, секіру, затты алып жүру дағдыларын бірізді орындауға және топпен әрекет етуге үйрету. **Шарты:** Балалар шағын топтарға бөлінеді. Белгі бойынша белгіленген жерге дейін жүгіріп, құрсаудан секіріп өтеді, бір «күзгі жапырақты» алып, себетке салып, бастапқы орнына қайтады. Келесі бала ойынды жалғастырады. Қимылдардың дұрыс әрі қауіпсіз орындалуына көңіл бөлінеді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу | Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу | Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу | Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу |
| **Кешкі ас** | Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу | Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды уйрету | Тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту | Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Серуенде жинап алып келген жапырақтарын лупамен , жарық түсіру арқылы зерттеру. **(зерттеу іс-әрекеті)** Балалардың қалауы бойынша жапырақтарды бастыру әдісі арқылы суретін салу. Ермексаздан ағаштар мен жапырақтар жасап, әр баланың ағашын жинап ортаға қойып, күзгі бақты жасау. Түрлі түсті қағаздарды қиып жапырақтар жасап, | Көкөністер мен жемістердің айырмашылығы. Дәмі, көлемі түсі туралы өздігінен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. **(зерттеу іс-әрекеті)** Балалардың қалауы бойынша ермексазбен, түрлі түсті қағазбен шығармашылық жұмыстар **(Шығармашылық іс-әрекет),** | Өз өзіңе көмектес бастамасымен топтағы тазалық жұмыстары. **(еңбек іс-әрекеті)** Қандай тазалық жұмысын жасағанын бейнелеу. **(бейнелеу іс-әрекеті)** | Балаларға қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауын ұйымдастыру. Серуен кезіндегі бақылаудан кейін - ағаштың күзгі жапырақтардан алған әсерлерін суретте бейнелеу; қылқаламмен қағазға басып салу тәсілдерін қолдануға; қағаздың ортасын, | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп жұмыс жасауы. Терезеге карап, күзгі табиғатты бейнелеу. **(Бейнелеу іс-әрекеті)** Табиғи және қалдық материалдардың түрлерімен таныстыру. Табиғи материалдардан экибано құрастыру **(Шығармашылық, танымдық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ағаштардың арасына салу. **(Шығармашылық іс-әрекет), (бейнелеу іс-әрекеті)** | | | бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратуға үйрету. **(бейнелеу іс-әрекеті)** Ертегілерді үтел үсті театры арқылы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)** | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | «Бүгін табиғаттан қандай өзгеріс байқадың?» деп сұрап, сөздік қорын дамытуға көмектесіңіз. | 1015 минут бірге кітап қарап немесе шағын ертегі оқып, кейіпкерлердің әрекеттері туралы әңгімелесіңіз. | «Жолдан өтерде не істеу керек?» деген сұрақ арқылы қауіпсіздік ережесін қысқаша қайталаңыз. | «Бүгін сені не қуантты? Не көңіліңе жақпады?» деп сабырмен тыңдап, сезімін еркін білдіруін қолдаңыз. | Қыркүйек айындағы жетістіктерін бірге еске түсіріңіз: өздігінен киіну, заттарын жинау, әдепті сөйлеу, достарымен қарым-қатынас жасау, тапсырмаларды орындау. Баланың еңбегі мен талпынысын атап өтіңіз. |